

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы

№ 11 ХАТТАМА

30 мамыр 2025 жыл

Ғылыми кеңес мәжілісі

Төраға: ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергенова

Хатшы: ғылым кандидаты, доцент Ш.А. Аманжолова

ҚАТЫСҚАНДАР: 28 адам (Келу парағы хаттамаға қоса тіркеледі);

ҚАТЫСПАҒАНЫ: 3 адам: 4 адам: Г.Б. Әбдірахман, Академиялық мәселелер жөніндегі проректор, профессор, өнертану ғылымдарының кандидаты; Ж.А. Жұмаш, Ж.Т. Мусапирова, «Жалпы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі, аға оқытушы; «6B02123 – Арт-менеджмент» мамандығы бойынша 3 курс студенті (денсаулығына байланысты).

Күн тәртібінде:

1) СҒЗЖ туралы қорытынды (*С.М. Шакирова, Ғылым және инновация бөлімінің басшысы*);

2) Қазақ ұлттық консерваториясындағы студенттік клубтардың 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары бойынша есепті бекіту туралы (*Ж. Ысқақов, Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы*);

3) Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің 2024-2025 оқу жылы бойынша есебі. (*Г.Р. Тажимаева, Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің басшысы*);

4) Құрманғазы ат. ҚҰК профессор-оқытушылық құрамының еңбектерін баспаға ұсыну туралы:

4.1 Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына арналған 2024 жылғы 28 қарашада өткізілген «Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» атты дөңгелек үстел баяндамаларының жинағы;

4.2 «Түркі халықтарының музыкасы» Бірінші халықаралық симпозиумының 30 жылдығына арналған 2025 жылғы 11 сәуірде өткізілген «Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары;

4.3 «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті А.С. Бекенованың «Айтқали және Арман Жайымовтардың алыт пен фортепианоға арналған шығармалары (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)», «Алыт және фортепианоға арналған түркі әлемі композиторларының шағармалары» және «Ә. Әбдінұровтың алыт және фортепианоға арналған шығармалары» атты жинақтары;

4.4 «Дирижерлеу» кафедрасының аға оқытушысы О.В. Чалованың «Балаларға арналған хор музыкасы» атты электронды оқу-әдістемелік құралы.

5) Құрманғазы ат. ҚҰК келесі профессор-оқытушылық құрамын ҚР ҒЖЖБМ-нің ғылыми атақтарына ұсыну туралы (Кафедра меңгерушілері, Ғылым хатшы):

5.1 А.К. Омарова – «60400 Өнер» ғылыми бағыты бойынша «Профессор» ғылыми атағына;

5.2 А.Б. Исатаева – «60400 Өнер» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына;

5.3 Ш.А. Аманжолова – «21100 Компьютерлік ғылымдар және информатика» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына;

5.4 А.Т. Есетова – «60200 Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына;

5.5 Ж.Б. Кинашева – «50200 Экономика және бизнес» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына;

5.6 Г.К. Жанибекова – «50200 Экономика және бизнес» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор» ғылыми атағына;

6) Әртүрлі.

6.1 *Үздік диплом беру шарттарына түзетулер енгізу туралы (Н.А. Ертаева, Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы);*

6.2 *Профессор-оқытушылар құрамын лауазымдарға ұсыну туралы (Кафедра меңгерушісі; Ғалым хатшы);*

6.3 *Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының таратылуы туралы (Г.К. Тасбергенова, Төраға, ректор, философия докторы (PhD)).*

КІРІСПЕ СӨЗ:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Қайырлы күн, құрметті Ғылыми кеңес мүшелері! Ғылыми кеңестің кезекті мәжілісін ашық деп жариялаймын. Күн тәртібіндегі алғашқы сұраққа ауыссақ.

1. ТЫҢДАЛДЫ: Ғылым және инновация бөлімінің басшысы С.М. Шакированың СҒЗЖ туралы қорытынды баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

С.М. ШАКИРОВА – Ғылым және инновация бөлімінің басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға СҒЗЖ туралы қорытындыны ұсынамын.

2025 жылдың 12-20 мамыр аралығында «Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы» РММ базасында ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің студенттер арасындағы жыл сайынғы Республикалық ғылыми-зерттеу жұмыстарының байқауы «Өнер» бағыты бойынша келесі БББ тобы бойынша өткізілді:

- 6B02116 – «Дәстүрлі музыкалық өнер»;
- 6B02103 – «Вокалдық өнер»;
- 6B02115 – «Аспаптық орындаушылық»;
- 6B02117 – «Дирижерлеу»;

➤ 6B02111 – «Композиция».

Байқаудың мақсаты – студенттердің ғылыми-зерттеу қызметіне деген қызығушылығын арттыру, олардың шығармашылық қабілеттерін дамыту және ғылыми жұмыстарды орындау дағдыларын қалыптастыру.

ҒЗЖ-2025 байқау комиссиясы – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарын бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін құрылған комиссия. Комиссия құрамына ғылыми қызметкерлер, профессорлар мен оқытушылар кіреді. Олар:

Төраға:

М.Т. Койлыбаева, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, доцент, философия докторы (PhD);

Комиссия мүшелері:

Т.К. Джумалиева, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының кандидаты;

Г.Д. Калымова, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің «Музыкатану және композиция» кафедрасының доценті, өнертану ғылымдарының магистрі;

А.З. Булбаева, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Вокал және дирижерлеу» факультетінің деканы, «Музыкатану және композиция» кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., өнертану ғылымдарының кандидаты;

Г.Т. Акпарова, Қ. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі, өнертану ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор.

Хатшы – С.М. Шакирова, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы Ғылым және инновация бөлімінің басшысы, философия ғылымдарының кандидаты.

Байқауға келесі жоғары оқу орындарының студенттерінен 13 жұмыс келіп түсті:

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті – 6 жұмыс;

Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы – 2 жұмыс;

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы – 4 жұмыс;

Күләш Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті – 1 жұмыс.

Келіп түскен жұмыстар лицензиялық «Антиплагиат.ВУЗ» бағдарламасы арқылы тексерілді. Мәтіннің түпнұсқалығының шекті көрсеткіші – 65%.

Он үш жұмыстың ішінен Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінен келген үш жұмыс плагиатқа тексеруден өтпеді. Бұл жұмыстардың байқауға қатысуына жол берілмеді.

Жұмыстардың тілі мен мазмұнына, зерттеудің өзектілігіне және ғылыми жаңалығына баса назар аударылды. Байқауға 10 жұмыс қатысуға жіберілді (қазақ тілінде – 6, орыс тілінде – 4). Олар:

1	Дәстүрлі музыкалық өнердегі мұрағаттар әне жинақтар /Архивы и коллекции в традиционном музыкальном искусстве
2	Әлеуметтік желідегі қазақ халық әндері /Казахские народные песни в социальных сетях
3	Қазақ хор музыкасындағы Абай мұрасы
4	Сложности освоения репертуара меццо-сопрано в процессе обучения
5	Особенности исполнения камерно-вокальной музыки композиторов «Могучей кучки» на примере «избранных» романсов Н.А. Римского-Корсакова
6	Три соло для фагота Э. Бурдо: композиционные и исполнительские особенност
7	Дәулеткерей күйлерінің композициялық ерекшеліктері /Композиционные особенности кюев Дәулеткерей
8	Түркі халықтарының музыкалық аспаптары және олардың тарихы
9	Академиялық және эстрадалық ән айтудағы техникалық әдістер мен ерекшеліктер
10	Развитие музыкального мышления как одна из основных целей музыкального образования

Байқаудың нәтижесі келесіндей болды:

3-орын (III дәрежелі диплом):

«Сложности освоения репертуара меццо-сопрано в процессе обучения».

Автор – Ферзаулина Камила Руслановна, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс студенті. Жұмыстың өзектілігі мен практикалық маңыздылығы жоғары бағаланды.

Ғылыми жетекшісі – Кременцова Ярослава Сергеевна, «Музыкатану және композиция» кафедрасының оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі.

3-орын (III дәрежелі диплом):

«Особенности исполнения камерно-вокальной музыки композиторов «Могучей кучки» на примере «избранных» романсов Н.А. Римского-Корсакова».

Автор – Пескова Алина Сергеевна, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 2 курс студенті. Зерттеудің тереңдігі мен талдаудың сапасы ескерілді.

Ғылыми жетекшісі – Кременцова Ярослава Сергеевна, «Музыкатану және композиция» кафедрасының оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі.

3-орын (III дәрежелі диплом):

«Развитие музыкального мышления как одна из основных целей музыкального образования».

Автор – Андрейкин Самуил Игоревич, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 4 курс студенті. Жұмыстың теориялық негізінің мықтылығы мен қорытындыларының негізділігі атап өтілді.

Ғылыми жетекшісі – Газизова Лилия Шамильевна, «Музыкалану және композиция» кафедрасының аға оқытушысы.

2-орын (II дәрежелі диплом):

«Әлеуметтік желідегі қазақ халық әндері».

Авторы – Хамидулла Шерхан Асхатұлы Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының, 4 курс студенті. Мамандығы: 6B02179 – «Дәстүрлі музыкалық өнер». Жұмыстың қазіргі заманғы қоғамдағы өзектілігі мен практикалық құндылығы жоғары бағаланды.

Ғылыми жетекшісі – Қазыбекова Жайдаргуль Алмасовна, «Дәстүрлі музыкалық өнер» кафедрасының доценті, өнертану ғылымдарының кандидаты.

2-орын (II дәрежелі диплом):

«Қазақ хор музыкасындағы Абай мұрасы».

Авторы – Жағыпарова Назерке Бауыржанқызы, К. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университетінің 4 курс студенті. Зерттеудің тереңдігі мен Абай мұрасының қазақ музыкасындағы орнының ашылуы ескерілді.

Ғылыми жетекшісі – Қарекенова Дилара Талғатқызы, «Дирижерлеу» кафедрасының оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі.

1-орын (I дәрежелі диплом):

«Три соло для фагота Э. Бурдо: композиционные и исполнительские особенности».

Авторы – Толымбекбаев Зангар Болатович, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 4 курс студенті. Мамандығы: 6B02102 – «Аспаптық орындаушылық». Жұмыстың тереңдігі, зерттеудің жаңалығы және практикалық маңыздылығы жоғары бағаланды. Фагот музыкасының ерекшеліктерін ашудағы автордың шеберлігі мен таланты ескерілді.

Ғылыми жетекшісі – Сафиева Жанель Адлетовна, «Музыкалану және композиция» кафедрасының оқытушысы, өнертану ғылымдарының магистрі. Студенттің ғылыми жұмысын басқарудағы жетекшінің кәсібилігі мен шығармашылық көзқарасы атап өтілді.

Ғылыми кеңестің ұсынылған СҒЗЖ туралы қорытынды жөніндегі есепті бекіту бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 28 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. СҒЗЖ туралы қорытынды бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

2. ТЫҢДАЛДЫ: Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы Ж. Ысқақовтың Қазақ ұлттық консерваториясындағы студенттік клубтардың 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстары бойынша есеп.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Ж. ЫСҚАҚОВ – Әлеуметтік тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметінің басшысы:

Қайырлы күн Құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясындағы студенттік клубтардың 2024–2025 оқу жылында атқарған жұмыстары бойынша есепті ұсынамын және оны бекітулеріңізді сұраймын.

Бүгінгі таңда консерватория қабырғасында 10 студенттік клуб белсенді түрде жұмыс істеп келеді. Әрбір клубтың мақсаты – студенттердің шығармашылық әлеуетін ашу, әлеуметтік және зияткерлік тұрғыдан дамуына ықпал ету, қоғамдық белсенділігін арттыру. 2024-2025 оқу жылының бірінші жартыжылдығында осы клубтар аясында бірқатар ауқымды әрі мазмұнды іс-шаралар жүзеге асырылды.

1. Студенттік медиа-комьюнити

Аталған клубтың басты мақсаты – студенттерді журналистика, фото және бейнетүсірілім салаларындағы кәсіби дағдыларға баулу. Есептік кезеңде клуб мүшелері ЖЖООКБ психологиялық қызметтерінің қатысуымен өткен «Psycho Express KNK» жобасына белсене атсалысты. Сонымен қатар, «Райымбекке көмек» қайырымдылық концерті, «Jam Emes» шығармашылық кеші, магистранттар концерті және «Giovani talenti» концерттеріне ақпараттық қолдау көрсетіп, фото және бейнежазбалар түсірді. Түркістан қаласына ұйымдастырылған танымдық экскурсия кезінде де ақпараттық жұмыс жүргізіп, фотосессия ұйымдастырды.

2. «Эмоционалды қауіпсіздік» клубы

«Psycho Express» жобасы аясында жұмыс істейтін бұл клуб жастардың психологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Есептік кезеңде бірқатар психологиялық кездесулер мен тренингтер, қайырымдылық концерттер, сондай-ақ «Жаңа дәуір аруы» мәдени іс-шарасына қатысу ұйымдастырылды.

3. «Мейірім» еріктілер клубы

Еріктілер клубы әлеуметтік жобаларға белсене қатысып, «Жан-Сая», «Шаңырақ» әлеуметтік дағдарыс орталықтарында қайырымдылық концертін ұйымдастырды. Бұл шараның мақсаты – мұқтаж жандарға рухани қолдау көрсету және қоғамға қызмет ету мәдениетін қалыптастыру.

4. Студенттік өзін-өзі басқару ұйымы

Аталған ұйым жатақханадағы студенттердің өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған. Есептік мерзімде «Тазалық сақтау салауаттылық белгісі» атты жатақхана бөлмелері арасында конкурс, Welcome Party, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жатақханасында бірінші курс студенттеріне арналған қабылдау кеші, спорттық жарыстар, тазалық күндері, марапаттау рәсімдері өткізілді. Ұйым өз жұмысында белсенділік, тәртіп және ұйымшылдық принциптерін басшылыққа алды. Сонымен қатар, ұйым тарапынан ауызашар ұйымдастыру шарасы да сәтті өтті.

5. «Sanaly Urpaq» клубы

Бұл клуб сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бағытында жұмыс істейді. Есептік кезеңде клуб мүшелері республикалық «АДАЛ ҚОҒАМ» байқауына қатысып, өз үлестерін қосты. Сонымен қатар, «Заң және тәртіп» нарративі шеңберінде Қазақстан Республикасы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің (сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) Батыс Қазақстан облысы бойынша департаменті Орал қаласы әкімдігі, «TikTok» әлеуметтік желісіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы «АДАЛ ҚОҒАМ» республикалық байқауына арналған видеоматериал түсірген болатын.

6. «World Connect» шетелдік білім алушылар клубы

Клубтың негізгі мақсаты – шетелдік студенттердің бейімделуіне жағдай жасау. Бұл бағытта мәдени іс-шаралар мен концерттер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 2025 жылғы 27 сәуір күні Құтқарушы Христос Лютеран шіркеуінде концерт өткізілді, сонымен қатар Жеңіс күніне арналған іс-шаралар ұйымдастырылып, шетелдік студенттерге ұлттық мәдениет таныстырылды.

7. Студенттер Альянсы

Студенттер Альянсы қалалық және республикалық деңгейдегі бірқатар шараларға белсене қатысып, Jas Gala фестивалінде бірнеше номинация бойынша жүлделі орындарға ие болды. Альянс мүшелері KAZGASA, KAU, Нархоз және Нұр-Мұбарак университеттері ұйымдастырған форумдар мен шығармашылық кештерге қатысты. «Жаңа дәуір аруы» байқауында Альянс мүшесі Шукирбекова Ботакөз 1-орын иеленді.

8. Студенттік Ассамблея

Ассамблеяның басты мақсаты – мәдениетаралық байланысты нығайту. Клуб мүшелері «Unity Cup» зияткерлік ойынына қатысып, жүлделі 2-орынға ие болды. Бұл шара студенттердің танымдық және зияткерлік әлеуетін дамытуға септігін тигізді.

9. «Дебют» студенттік театры

«Дебют» театры есептік мерзімде түрлі байқауларға қатысып, 3-дәрежелі дипломмен марапатталды. Сонымен қатар, Республика күніне орай видеоматериал түсіріп, жеңістің 80 жылдығына арналған қойылым қойған болатын. Jas Gala фестивалі аясындағы шығармашылық жұмыстары жоғары бағаланды.

10. «Көңілді тапқырлар» клубы

Аталған клуб жайдарман өнері арқылы студенттердің тапқырлығы мен сахналық мәдениетін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар, клуб жатақханадағы рухани кеш – ауызашарды ұйымдастыруда белсенділік танытты.

Түркістан қаласына ұйымдастырылған танымдық экскурсия:

2025 жылғы 11–13 сәуір аралығында Түркістан қаласына «Танымдық экскурсия: Туған өлке тарихын сезіну» атты сапар ұйымдастырылды. Бұл сапарға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 90-нан астам белсенді студенті қатысты. Сапар консерватория ректоры Гаухар Тасбергенованың қолдауымен, әлеуметтік-тәрбие жұмысы және жастар саясаты қызметі тарапынан ұйымдастырылды.

Ұсыныстар:

1. Бюджетті арттыру

Студенттік клубтардың бастамалары мен жобаларын сапалы әрі ауқымды жүзеге асыру үшін қаржылық қолдауды ұлғайту қажет. Бұл, әсіресе, концерттер, байқаулар, экскурсиялар және фестивальдер сияқты ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру кезінде маңызды.

2. Басқа ЖОО-мен байланыс аясын кеңейту

Түрлі форумдар мен жарыстарға қатысуға арналған сапарлар мен дайындықтарға арнайы қаржы бөлініп, бұл бағыттағы ынтымақтастықты жүйелі түрде жалғастыру ұсынылады.

Қорытынды:

- ✓ Бірінші жартыжылдықта белсенділік танытқан студенттер саны – 66;
- ✓ Екінші жартыжылдықта белсенділік танытқан студенттер саны – 150;
- ✓ Яғни, белсенділік деңгейі 127,3%-ға артқан.

2024–2025 оқу жылы аралығында Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының студенттік клубтары белсенді жұмыс атқарды. Осы кезеңде студенттердің әлеуметтік, мәдени белсенділігін арттыру мақсатында 4 жаңа ұйым құрылып, меморандумдар жасалды:

1. Консерваторияның Студенттік Ассамблеясы.
2. Алматы қаласының Студенттік Альянсімен меморандум.
3. «Көңілді тапқырлар» клубы.
4. «World Connect» шетелдік білім алушылар клубы.

Жыл басынан бері студенттердің шығармашылық, әлеуметтік, мәдени, зияткерлік және рухани дамуына бағытталған көптеген іс-шаралар ұйымдастырылды. Әрбір клуб өз бағыты бойынша жобалар мен бастамалар ұсынып, студенттік ортаның серпінді дамуына елеулі үлес қосты. Қайырымдылық концерттер, шығармашылық байқаулар, интеллектуалдық ойындар мен ұлттық құндылықтарға негізделген мәдени іс-шаралар – осының айғағы.

Клубтардың жүйелі жұмысы студенттердің жеке тұлғалық дамуына, әлеуметтік жауапкершілігін арттыруға, ұлттық және жаһандық мәдениетке деген қызығушылығын нығайтуға ықпал етті. Сонымен қатар, бұл іс-шаралар консерваторияның білім беру кеңістігін мазмұнды және жан-жақты байыта түсті. Алдағы уақытта да студенттік клубтар жастардың белсенділігін арттырып, жаңа жобалар арқылы шығармашылық пен бірлікке бастайтын алаң ретінде қызмет етуін жалғастырады деген сенімдемін.

Ғылыми кеңестің ұсынылған Қазақ ұлттық консерваториясындағы студенттік клубтардың 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары есебін бекіту бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 28 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

2. Қазақ ұлттық консерваториясындағы студенттік клубтардың 2024-2025 оқу жылында атқарған жұмыстары бойынша есеп бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

3. ТЫҢДАЛДЫ: Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің басшысы Г.Р. Тажибаеваның Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің 2024-2025 оқу жылы бойынша есебі туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ:

Г.Р. ТАЖИБАЕВА – Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің басшысы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға жаңадан Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің 2024-2025 оқу жылы бойынша есебін видео форматта ұсынамын және бекітулеріңізді сұраймын. Есептің жазба түрдегі нұсқасы хаттамаға қоса тіркелді.

Концерттік-шығармашылық қызметті ұйымдастыру қызметінің ұсынылған жоспар-есебіне сәйкес кезеңге 221 іс-шара орындалды. Олардың арасында 2025 жылдың маусым айының соңындағы жағдай бойынша:

Айы	Концерттер саны
Қыркүйек	2
Қазан	16
Қараша	36
Желтоқсан	16
Ақпан	18
Наурыз	25
Сәуір	33
Мамыр	23
Маусым	7
Барлығы:	176

Концерт – 176

Фестиваль – 2

Шеберлік сынып – 28

Конференция – 3

Республикалық студенттік пәндік олимпиада

Ғылыми кеңестің ұсынылған Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің 2024-2025 оқу жылығы есебі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 28 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

3. Концерттік-шығармашылық қызмет және дыбыс жазу студиясы қызметінің 2024-2025 оқу жылы бойынша есебі бекітілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

4. ТЫҢДАЛДЫ: Құрманғазы ат. ҚҰК профессор-оқытушылық құрамының еңбектерін баспаға ұсыну туралы баяндамалар.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

С.М. ШАКИРОВА – Ғылым және инновация бөлімінің басшысы:

4.1 Құрметті ҒК Төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына арналған 2024 жылғы 28 қарашада өткізілген «Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» атты дөңгелек үстел баяндамаларының жинағын ұсынамын.

Бұл жинақ Ғалия Зайнакұлызы Бегембетованың жарқын бейнесіне арналады. Жинаққа «Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» атты дөңгелек үстелдің материалдары енген. Аталмыш шара Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдық мерейтойына арналған. Іс-шара Құрманғазы атындағы консерватория мен Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік өнер музейінің бірлескен ғылыми жобасы ретінде ұйымдастырылды. Қазақстанның өнертанушылары мен мәдениеттанушылары – Екатерина Резникова, Сания Қабдиева, Валерия Недлина, Самал Мамытова, Евфрат Имамбек және Ольга Батурина – өз баяндамаларында музыка, театр және бейнелеу өнерін синтездеу мәселелерін, сондай-ақ олардың ұлттық мәдениет аясындағы дамуын талқылады.

Бұл жинақ өнер саласындағы зерттеушілерге, оқытушыларға, шығармашылық мамандық студенттеріне, мәдениет және өнер саласының мамандарына, сондай-ақ өнердің дамуына қызығушылық танытқан барлық оқырманға арналған.

Жинаққа сыртқы пікір жазғандар: Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейі директордың ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары өнертану ғылымдарының кандидаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері – Кобжанова Светлана Жұмасұлтанқызы. Ішкі пікір: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану

және композиция» кафедрасының профессоры, педагогика ғылымдарының кандидаты – Оспанова Тогжан Умурзаковна (пікірлер хаттамаға қоса тіркелді).

А.Р. БЕРДІБАЙ – доценті, философия докторы (PhD):

Қазіргі уақытта музыкалық өнер мен білім берудегі өнер синтезі мәселесі өзекті мәселелердің бірі болып қала береді. Өнер синтезіне жүгіну күнделікті тәжірибеге айналды, мұнда өнер синтезінің эмоционалдық-эстетикалық тіршілігі қазіргі қоғамның әлеуметтік-мәдени жағдайларымен тығыз байланысты. Мұның бәрі ғылыми дискурсты қалыптастыру мен дамыту үшін тереңірек идеялар жасауға көмектеседі.

Синтездің ойлаудың әмбебап әдісі және көптеген компоненттерді тұтас біріктірудің бірегей құралы ретінде танымның қажетті кезеңі болып табылатыны әсіресе маңызды. Өнер синтезінің заңдарын түсіну көбінесе адамның дүниетанымына негізделген философиялық негізге байланысты. Қазіргі уақытта өнер синтезін түсіну және қабылдау даму процесінде бірігіп, тығыз әрекеттесе алатын әртүрлі білім көздерін меңгеруді талап етеді. Нәтижесінде оның негізінде пайда болған көркем бейне өнердің жеке түрлеріне қол жетімсіз, күрделі көп жоспарлы құрылымы бар сапалы жаңа құбылыс болады.

Өнер синтезі шығармашылық қабілеттер мен эстетикалық қабылдауды дамытуға көмектесетін маңызды оқыту құралы болып табылатынын атап өткен жөн. Өнердің әртүрлі түрлерін біріктіру шығармашылық әлеуетті кеңейтеді және неғұрлым күрделі және көп қырлы туындылар жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, синтез дәстүрлі шеңберден шығатын көркемдік мәнерліліктің жаңа формаларын жасауға мүмкіндік береді.

Өнер синтезін материалдық және рухани ортаны ұйымдастыру үшін пайдалануға болады, ол үйлесімді және шабыттандыратын атмосфера жасайды. Мұның бәрі көрерменге немесе тыңдаушыға әсерді күшейтуге, неғұрлым жарқын және есте қаларлық әсерлер жасауға мүмкіндік береді.

Қазіргі музыка зерттеуіндегі өнер синтезі мәселесі әлі де жеткілікті түрде жарық көрмегенін атап өтейік, дегенмен қазіргі мәдениеттің бірегей, көп қырлы құбылысы ретінде өнер синтезі қазіргі қоғамның барлық мәдени процестеріне еніп, қалыптасқан қазіргі музыкалық-мәдени жағдай контекстінде терең және мұқият зерттеуді талап етеді.

Музыка, театр және кескіндеме сияқты өнер түрлерінің синтезі мәселелері, олардың ұлттық мәдениет контекстіндегі эволюциясы Құрманғазы атындағы ҚҰК мен Әбілхан Қастеев атындағы Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнер музейінің бірлескен ғылыми жобасы болып табылатын Дөңгелек үстелде қаралды. Мұнда белгілі қазақстандық музыка зерттеушілерінің, өнертанушыларының және мәдениеттанушыларының сөздері өнер синтезінің көп функционалдылығын, көп аспектілігін, өтпелі құндылығы мен өзектілігін тағы да атап өтті және болашақ зерттеулер мен бірлескен жобалардағы жаңа перспективалық бағыттарды белгіледі.

«Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» дөңгелек үстелінің материалдары бойынша ұсынылған жинақ, сөзсіз, теориялық және практикалық маңызға ие. Сондай-ақ, жас мамандардың негізгі қызмет салалары оқытушылық, зерттеушілік, лекторлық қызмет екенін ескеру қажет, олар өнер синтезінің ерекшеліктерін, олардың музыкалық өнердегі көрінісін білмейінше мүмкін емес.

Жинақ материалдары оқу үдерісінде де, оқытуда да ақпараттың қажетті және маңызды көзі ретінде пайдаланылуы мүмкін. «Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» дөңгелек үстелінің материалдары бойынша жинақты басып шығаруға ұсынуға болады.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Барлықтарыңызға үлкен рахмет. Сұрақтарыңыз болмаса, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына арналған 2024 жылғы 28 қарашада өткізілген «Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» атты дөңгелек үстел баяндамаларының жинағын баспаға ұсынуды дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына арналған 2024 жылғы 28 қарашада өткізілген «Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» атты дөңгелек үстел баяндамаларының жинағын баспаға ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 28

Таратылған бюллетендер саны: 28

Таратылмаған бюллетендер саны: жоқ

«Қолдағандар» – 28 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

А.С. НУСУПОВА – Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.:

4.2 Құрметті ҒК Төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға «Түркі халықтарының музыкасы» Бірінші халықаралық симпозиумының 30 жылдығына арналған 2025 жылғы 11 сәуірде өткізілген «Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-

практикалық конференциясының материалдары баяндамаларының жинағын ұсынамын.

Ұсынылып отырған жинаққа 2025 жылғы 11 сәуірде Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында өткен «Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары енді. Бұл конференция музыкалық түркітанудың дербес ғылым ретінде дамуына бастапқы серпін берген 1994 жылы өткен «Түркі халықтарының музыкасы» атты Бірінші халықаралық симпозиумның 30 жылдығына арналды.

Ғылыми жиынға әлемнің түкпір-түкпірінен, атап айтқанда, Түркі республикаларының (Әзірбайжан, Өзбекстан, Қырғызстан), Ресейдің (Татарстан, Тыва, Якутия және Удмуртия); сонымен қатар, Түркия, Германия, Жапония, Ұлыбритания, Польша, Словакия, Нидерланды, Малайзия және АҚШ-тың белгілі этномузыкатанушы-түркітанушылары қатысты. Форумға, сондай-ақ, Құрманғазы атындағы ҚҰК, К. Байсеитова атындағы ҚазҰӨИ, М. Әуезов атындағы ӘӨУ, Қазақ ұлттық хореография академиясы, Халық әртістері ағайынды Абдуллиндер атындағы Шығыс Қазақстан өнер училищесі (Өскемен) секілді қазақстандық жоғары оқу орындарының өкілдері де қосылды.

Конференцияға қатысуға шамамен 90 адам өтінім беріп, олардың ішінен 50-ге жуығы (отандық қатысушыларды санамағанда) сөз сөйледі. Баяндамашылар қатарында профессор, өнертану докторы В. Юнусова, аға ғылыми қызметкер, өнертану кандидаты З. Имамутдинова (Мәскеу, Ресей), қауымдастырылған профессор, өнертану докторы Е. Карелина (Тува, Ресей), профессор, PhD З. Ахундова-Дадашзаде (Әзірбайжан), профессор, өнертану докторы А. Ташматова (Өзбекстан), профессор, өнертану докторы Р. Аманова (Қырғызстан), доцент, өнертану кандидаты Т. Павлова-Борисова (Якутск), PhD Ёзге Гюльбей (Түркия), қауымдастырылған профессор, PhD Т. Ратобильская (Германия) және басқалар болды. Қонақтар қатарына 1994 жылғы Бірінші халықаралық симпозиумға қатысқан профессорлар Дорит Клебе-Вонтроба (Германия), Лео Тадагава (Жапония), Г. Сайфуллина (Татарстан / Нидерланды) секілді ғалымдар да енді.

Конференция тақырыбы әлемдік ғылыми қауымдастықтың ерекше қызығушылығын тудырды.

Ұйымдастыру комитетіне құттықтауларын жолдағандар қатарында Халықаралық дәстүрлі музыка және би кеңесінің (ICTMD) президенті Танг Суи Бенг (Малайзия), Кембридж университетінің профессоры, PhD, ICTMD SG құрамындағы жаһандық музыканың тарихы тобының жетекшісі Р. Сұлтанова (Ұлыбритания), сондай-ақ, Түркі мәдениеті мен мұрасы қорының президенті, ҚР еңбек сіңірген қайраткері А. Райымқұлова (Баку, Әзірбайжан) бар. Форумда Құрманғазы атындағы ҚҰК ректоры Г. Тасбергенова (PhD), профессор, ҚР еңбек сіңірген қайраткері Д. Касеинов (ICTMD елшісі), профессор, PhD, ICTMD SG – Түркі әлеміндегі музыка және би жетекшісі А. Акат (Стамбул), композитор, PhD Ёзге Гюльбей (Эгей университеті, Измир) және К. Байсеитова атындағы ҚазҰӨИ

профессоры, ғылыми және шығармашылық жұмысы жөніндегі проректоры, өнертану кандидаты Р. Нуртаза болды.

Сонымен қатар, қазақтың атақты ақыны О.Сүлейменов пен АҚШ-тан келген белгілі ғалым, профессор, өнертану докторы И. Земцовскийдің ғылыми форумға жолдаған құттықтаулары – конференцияның айшықты сәттеріне айналды.

Бұл халықаралық этномузикатанушылар конгресінің бас демеушісі және ұйымдастырушысы – консерваторияның бұрынғы ректоры, ICTMD елшісі Д. Касеинов болды. Құрманғазы атындағы ҚҰК басшылары мен ұйымдастыру комитеті атынан бұл белгілі өнер және қоғам қайраткеріне шексіз алғысымызды білдіреміз. Оның көмегі, белсенді қатысуы мен шынайы жанашырлығынсыз түркі музыкасының мұндай ірі мерекесінің өтуі екіталай болушы еді.

Конференция бағдарламасы мазмұнды әрі жан-жақты болды. Ол пленарлық, секциялық отырыстар мен шеберлік сабақтарын да қамтыды. Шеберлік сабақтарды шетелдік қонақтарымыз өткізді. Мысалы, Германиядан келген Т. Ратобыльская (PhD) – неміс мектептерінде шығыс, соның ішінде түркі халықтарының музыкасын оқытуындағы Вард әдістемесі туралы; ӨМК профессоры, өнертану докторы А. Ташматова, (орындаушы – У. Юнусов) – халық аспаптарын жаңғырту мәселелері жөнінде (Өзбекстан); Г. Муминова (Өзбекстан) – өзбек дутарында ойнау техникасы; У.Гаджибейли атындағы БМА профессоры, PhD, Әзірбайжанның еңбек сіңірген өнер қайраткері 3. Ахундова-Дадашзаде – У. Гаджибейлидің өмірі мен шығармашылығы тақырыптары бойынша дәрістер берді.

Конференция «Түркі әлемінің дәстүрлі және заманауи музыкасы» концертімен аяқталды. Концертке Түркия, Әзірбайжан, Өзбекстан, Қарақалпақстан, Қырғызстаннан келген қонақтармен қатар, ұйғыр және қазақ музыканттары қатысты.

2025 жылғы конференция 1994 жылы өткен Халықаралық симпозиум секілді маңызды оқиға деуге болады. Оның аясында «Түркі тілдес елдердің ұлттық музыкалық аспаптары» кітабының тұсаукесері өтті. Ол еңбекте Орталық Азияның алты мемлекетінің (Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Түрікменстан, Түркия, Өзбекстан) музыкалық аспаптары алғаш рет төрт тілде (түрік, әзербайжан, орыс және ағылшын) ұсынылды.

Сонымен қатар, Түркі мәдениеті және мұрасы қорының (президенті А. Раимқұлова) қолдауымен Б. Карақұлов атындағы Түркі музыкалық мәдениеті орталығы ашылды. Тағы бір маңызды жайт – жапон режиссері Кадзио Окаданың 1994 жылы Қазақстан туралы түсірген деректі фильмі. Онда симпозиум және оның концерттеріне қатысқан еліміздің көрнекті тұлғаларымен (Ә. Кекілбаев) қатар, танымал түркі музыканттарының (Қ. Байбосынова, Б. Тілеуханов – Қазақстан, И. Алексеев, С. Шишигин – Якутия, Е. Улугбашев – Хакассия, И. Ильбаков – Башқұртстан және т.б.) бейнелері сақталған. Олардың арасында бүгінде өмірден озғандар (С. Балмағамбетов, Қ. Ахмедияров – Қазақстан, Ж. Базаров – Қарақалпақстан және т.б.) да бар. Режиссер сол симпозиум мен

түркі музыкасы концерттеріне ғана қатысты 24 минуттық фильм жасауға келісім беріп, оның 7-8 минуттық үзіндісі Пленарлық мәжілісте көрсетілді.

Конференция халықаралық ауқымда өткенін ескере отырып, оған жолданған барлық құттықтау сөздерді жинаққа мүмкіндігінше үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) беруді жөн көрдік.

Алдыңғы форуммен сабақтастық сақталған 2025 жылғы конференцияда:

1. Музыкалық түркітанудың жалпы және әдіснамалық мәселелері;
2. Музыкалық диалектология мен картографиялау;
3. Түркі халықтарының музыкалық аспаптары мен аспаптық музыкасы;
4. Түркі халықтары дәстүрлі музыкасының жанрлары: ұқсастықтары мен ерекшеліктері;
5. Түркі эпосының музыкалық бейнесі;
6. Музыкалық мәдениеттердің көшуі және астасуы;
7. XX–XXI ғасырлардағы түркі халықтарының кәсіби музыка өнері;
8. Қазіргі музыкалық білім берудегі түркі халықтарының музыкасы;
9. Түркі әлемінің музыкалық индустриясы: басқарудан өнерге дейін – тақырыптық бағыттары қамтылды.

Конференция бағдарламасына алғаш рет кәсіби композиторлық шығармашылыққа, музыкалық білім беруге және арт-менеджментке қатысты жаңа бағыттар енгізілді.

Жиналған материалдар авторлар ұсынған тілдерде жарияланды. Оларды пайдалану ыңғайлы болуы үшін аннотациялар қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілді. Конференциядағы баяндамалар әртүрлі форматта ұсынылды. Олардың басым бөлігі түркі халықтарының музыкалық аспаптары мен аспаптық музыкасына арналған секцияға келіп түсті. Соңғы жылдары бұл бағыттағы зерттеулер ерекше қарқын алды. Бұл ретте қазақ музыкалық аспаптарымен қатар, басқа да түркі халықтарының аспаптары зерттелген. Оған Орталық Азия танбуры (В. Хандамян), өзбек дутары және оның жаңғыртылған түрлері (У. Юнусов) баяндамалары мысал бола алады. Варган аспаптары (Лео Тадагава), сонымен қатар, хорваттық танбурлар (Я. және А. Бегич), жетыген, чадаған, ятга (көп ішекті цитралар типі) секілді түркі және моңғол халықтарының музыкалық аспаптарын салыстырмалы түрде зерттеуге талпыныс жасалды (Ж. Темір). Сондай-ақ, бұл секцияда басқа түркі халықтары музыкасын домбырада орындау мәселесіне арналған Қ. Жұмағали мен Б. Игілік еңбектері және музыканттардың ішінде жаңа есімдерді ашқан Е. Жаманбалинов зерттеулерін атап өту қажет.

Конференцияның «XX-XXI ғғ. түркі халықтарының кәсіби музыка өнері» секциясында да көптеген баяндамалар ұсынылды. Түркі республикаларындағы кәсіби композиторлар шығармашылығы зерттеушілердің үнемі қызығушылығын тудыруда. Бұл секцияда қазақ (А. Байсакалова, Е. Емберген, Ш. Даржан, Ж. Қыдырниязова), татар, башқұрт (Ф. Бахтияри), саха (Т. Павлова-Борисова, А. Варламова, А. Федорова), өзбек (А. Ташматова, Ш. Ғаниханова, Э. Мирзакамалова, Н. Стеценко) композиторларының шығармалары туралы баяндамалар ұсынылды.

«Музыкалық түркітанудың жалпы және әдіснамалық мәселелері» секциясында баяндама аз болғанымен, олар ғылыми ізденушіліктің кең ауқымымен ерекшеленеді. Оған: түркі музыкасының бастаулары (С. Аязбекова, С. Елеманова), Орталық Азиядағы ислам дәстүрлері (Р. Абдуллаев), түрік музыкасын зерттеу мәселелері (В. Юнусова), салыстырмалы талдау детерминанттары (Р. Мамедова-Сарабская), сондай-ақ, Еуропа архивтеріндегі зерттелмеген аудио жазбалар мен құжаттар (Ф. Нұрлыбаева) жөніндегі зерттемелер енді.

Жинақта ресми бағыттарға тікелей жатпайтын, бірақ қызығушылық тудыратын мақалалар да бар. Мысалы, қазақ (С. және Б. Тлеубаевтар) және басқа түркі халықтарының (Г. Саитова, А. Хасанов) би дәстүрлері, театр мәселелері (А. Мұқан), сондай-ақ, Моңғолия қазақтарының тіліне (М. Миловка) қатысты баяндамалар пәнаралық зерттеулерге негізделген.

Қалған секцияларда қатысушылар саны аз болғанымен, оларда да маңызды баяндамалар ұсынылды. «Түркі халықтары дәстүрлі музыкасының жанрлары: ұқсастықтары мен ерекшеліктері» және «Музыкалық мәдениеттердің көшуі және астасуы» секцияларында тувалық көмеймен ән айтудың жаңа формалары (Е.Карелина), ислам өркениеті аясындағы Орталық Азия музыканттары (А. Джумаев) жайлы баяндамалар өзіне назар аудартады. Ал Г. Кузбакованың мақаласында қазақ және болгар дәстүрлі музыкасының ырғақ құрылымдары арасындағы параллельдерді іздеу әрекеті жасалған.

«Музыкалық диалектология және картографиялау» және «Түркі эпосының музыкалық бейнесі» секцияларында Құран оқудың әуендік картографиясы (З. Имамутдинова), А. Затаевич жазбалары негізіндегі Орынбор қазақтарының әндері (А. Бердібай), «Көрұғлы» эпосының түрлі нұсқалары (Д. Клебе-Вонтроба), Кете Жүсіптің термелері (Ж. Әділжанова), хакас эпикалық жанрлары (Н. Ламанская) тақырыптары қарастырылған. Жинақты «Түркі дүниесінің музыкалық индустриясы: басқарудан өнерге дейін» секциясына кірген түркі дүниесінің материалдық емес мұрасына арналған мақаласы (М. Құрманғалиева) түйіндейді.

Өткен конференцияның жарияланып отырған материалдары мен мақалалары музыкалық түркітанудың әрі қарай дамуына өз үлесін қосады деген үміттеміз.

Жинаққа сыртқы пікір жазғандар: Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы «Музыкалық өнер» факультеті «Эстрадалық вокал» кафедрасының аға оқытушысы, өнертану ғылымдарының кандидаты – Касимова Зульфия Маликовна. Ішкі пікір: Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Музикатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы – Наурзбаева Альмира Бекетовна (пікірлер хаттамаға қоса тіркелді).

А.Б. НАУРЗБАЕВА – Ректор кеңесшісі, профессор, философия ғылымдарының докторы:

Конференция тақырыбының өзектілігін, ең алдымен, оның атауында тұжырымдалған негізгі ұғымдардың фокусы дәлелдейді: бүгінгі музыкалық түркітанудың жай-күйін түсіну, оның мәселелерін жария ету және оның болашақ дамуының әлеуеті мен траекторияларын белгілеу міндеттері қойылды.

Түркі халықтарының музыкасына арналған алдыңғы форумдардың сабақтастық логикасын ұстана отырып, конференция ғылыми мазмұнның жоғары деңгейіне бағдарланды, оған қатысушылардың географиясы кеңейтілді және нәтижесінде интегралды, пәнаралық ғылым ретінде музыкалық түркітанудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің зор мүмкіндіктерін көрсетті. Бүгінгі таңда, белгілі болғандай, зерттеу стратегиялары батыс орталықтандырылған парадигмадан босатылады, бұл Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының ғалымдары да белсенді дамытып жатқан қазіргі этномузыка зерттеулерінің ізденістері мен жетістіктерінде көрінеді. Осы тенденциялардың барлығы осы ұжымдық жұмысқа енген конференцияға қатысушылардың материалдарында көрініс тапты.

«Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» конференциясы материалдарының жинағы (бас редакторы профессор, өнертану кандидаты Нусупова А.С., құрастырушы-редакторы профессор, өнертану докторы Утеғалиева С.И.) осы ғылымның дамуының ең маңызды аспектілері бойынша мәселелерді қамтитын әр секцияның тақырыбына сәйкес құрылымдалған 470 беттік салмақты еңбекті құрайды.

Жинаққа енген жетекші ғалым-этномузикатанушылардың және музыкалық түркітану саласында тікелей жұмыс істейтіндердің материалдарының құндылығы мен практикалық маңыздылығын атап өткен жөн. Олар музыкалық түркітанудың, музыкалық диалектологияның және картографияның жалпы және әдіснамалық мәселелерін талқылады. Ғалымдардың қызығушылық аясында Еуразия түркі халықтарының музыкалық аспаптары мен аспаптық музыкасын, түркі халықтарының дәстүрлі музыкасының жанрларын, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын зерттеу бар. Түркі эпосының музыкалық көрінісі, музыкалық мәдениеттердің миграциясы мен өзара әрекеттесуі, XX-XXI ғасырлардағы түркі халықтарының кәсіби музыкалық өнері, сондай-ақ қазіргі музыкалық білім берудегі орны музыкалық мәдениеттің зерттеу және практикалық салаларында жауап тапты. Түркі әлемінің музыкалық индустриясының мәселелері де қызығушылық аясында және түсіну нысанында болды.

Жинақтың көптілді контенті, біріншіден, конференцияға қатысушылардың кең халықаралық өкілдігін, ал екіншіден, музыкалық түркітанудың әлемдік интеллектуалдық тәжірибеде мәдениеттер арасындағы күрделі динамикалық дамып келе жатқан жүйе ретінде музыкалық мәдениет туралы конвергентті білімнің өзіндік әдіснамалық әлеуеті бар перспективалы ғылым ретінде айтарлықтай салмаққа ие болып отырғанын көрсетеді.

Жинақта көрнекі түрде ұсынылған қарастырылатын мәселелердің ауқымы, сөзсіз, тек этномузыка зерттеулерінің немесе музыкалық түркітанудың ғана емес, сонымен қатар жалпы музыка зерттеулерінің, түркітанудың, мәдениеттанудың, фольклористиканың және басқа да әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің қандай да бір өзекті мәселелеріне қызығушылық танытатындар үшін ғылыми, сондай-ақ практикалық қызығушылық тудырады.

«Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» конференциясы материалдарының жинағы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының толыққанды имидждік жобасы болып табылады, бұл өз кезегінде жоғарыда аталғандармен қатар оны жариялауға ұсынуға жеткілікті негіз береді.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Барлықтарыңызға үлкен рахмет. Сұрақтарыңыз болмаса, «Түркі халықтарының музыкасы» Бірінші халықаралық симпозиумының 30 жылдығына арналған 2025 жылғы 11 сәуірде өткізілген «Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағын баспаға ұсынуды дауысқа саламыз.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

«Түркі халықтарының музыкасы» Бірінші халықаралық симпозиумының 30 жылдығына арналған 2025 жылғы 11 сәуірде өткізілген «Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағын баспаға ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

Қатысқандар Ғылыми кеңес мүшелері: 28

Таратылған бюллетендер саны: 28

Таратылмаған бюллетендер саны: жоқ

«Қолдағандар» – 28 дауыс.

«Қарсы» – жоқ.

«Қалыс қалғандар» – жоқ.

Шешім бір дауыспен қабылданды.

С.С. ЖАУЛШАКОВА – «Дирижерлеу» кафедрасының оқытушысы:

4.3 Құрметті ҒК Төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға «Дирижерлеу» кафедрасының аға оқытушысы О.В. Чалованың «Балаларға арналған хор музыкасы» атты электронды оқу-әдістемелік құралын ұсынамын.

Қазіргі таңда музыка өнерінің балаға тигізетін зор әсерін, бала жанын жалпыадамзаттық құндылықтардың шексіз әлеміне енгізу қабілетін, қиялдың, шығармашылықтың дамуы арқылы тұлғаның рухани әлемінің қалыптасуына артық дидактикасыз әсер етуін ешкім жоққа шығармайды.

Вокалдық-хорлық репертуарды зерттеу құралдары арқылы балаларда рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту және тәрбиелеу өскелең ұрпақты Қазақстанның музыкалық мәдениетіне тартудың бір жолы болып табылады.

Дәл осы өскелең ұрпақ болашақта елдің мәдени ұлтын халықаралық аренада таныстыратын болады. Қазақстанның балалар музыкалық мектептері шеңберіндегі қосымша білім беру қоғамның рухани өмірінде және, әрине, өскелең ұрпақтың көркемдік тәрбиесінде іргелі рөл атқарады. Мектеп оқушыларын хорлық даярлау бұл процесте маңызды орын алады.

О.В. Чалованың «Балаларға арналған хор музыкасы» атты электронды оқу-әдістемелік құралы «Педагогикалық практика» маңызды оқу курсына жетілдіруге бағытталған және «Дирижерлеу» білім беру бағдарламасының студенттерін даярлау жүйесіндегі негізгі құралдардың бірі болып табылады.

Қазақ әндері жан дүниесімен және әуезділігімен ерекшеленеді. Оларда бірегей өзіндік музыкалық мәдениеттің жаңғырықтары анық байқалады. Бүгінде Қазақстан халықаралық ауқымдағы конкурстарды өткізу орны болып табылады. Қазақ әншілері мен жас музыканттар да шетелде фестивальдар мен конкурстар өткізуге белсенді қатысады. Біздің Республика аумағында композиторлар мен музыканттарға арналған мектептер қалыптасып, түрлі ұжымдар құрылып, өз көзқарастарын көпшілікке ұсынуға дайын жеке орындаушылар пайда болады. Бүгінде бірде-бір мереке халықтық қазақ әндерінсіз өтпейді. Жастар ойындарында және кездесулерінде әрқашан танымал қазақстандық орындаушылардың музыкасы естіледі.

Әндер өмірде сергек жүруге, оптимизмді және баға жетпес адамгершілік қасиеттерін сақтауға көмектеседі. Қазақстанның музыкасы арқылы бірнеше ғасырлар бойы бүкіл алып Республиканың мәдениеті мен шығармашылығының дамуымен танысуға болады.

О.В. Чалова музыкалық-педагогикалық зерттеулердің ғылыми деректеріне сүйене отырып, педагогикалық дирижерлік-хорлық практиканы, оның ішінде мектеп оқушыларының ақыл-ой және интеллектуалдық, шығармашылық өсуінің күшті ынталандырушысы ретінде зерттеудің қажеттілігі мен өзектілігіне бізді сендіреді. Автор ұсынған әдістер музыкалық педагогикадағы белгілі ұранды дәлелдейді: «Музыкант болу үшін емес, кез келген мамандықта жақсы болу үшін музыканы үйрену керек».

Автор «Педагогикалық практика» пәнін оқыту кезінде болашақ хор дирижерлерінің кәсіби арнайы пәндердің теориялық, сондай-ақ практикалық білімдері мен дағдыларын меңгеретінін әділ атап көрсетеді: «Хормен жұмыс істеу әдістемесі» және «Мамандық».

О.В. Чалова жұмысы практика шеңберінде келесі өзекті міндеттерді анықтайды, атап айтқанда:

- оқу үдерісін ұйымдастыруда жаңа білім алу;
- студенттердің балалар хор ұжымдарымен жұмыс істеуге деген қызығушылығын арттыру;
- музыкалық педагогика саласындағы ғылыми-зерттеу жұмысына деген қажеттілікті тәрбиелеу;
- арнайы музыкалық-теориялық, тарихи және жалпы ғылыми пәндер кешенінің білімін көрсету;
- ең жаңа ақпараттық технологияларды қолдану;
- балалар дауыстарын баптау, жаттықтыру және олармен жұмыс істеу әдістерін меңгеру.

Электрондық оқу-әдістемелік құрал 6B02105 – «Дирижерлеу» бакалавриат білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес келеді.

Электрондық оқу-әдістемелік құралы сегіз бөлімнен тұрады: «Кіріспе», «Теория», «Ноталар», «Тыңдау», «Әндердің мәтіндері», «Ұсыныстар», «Әндердің авторлары», «Қорытынды».

Электрондық оқу-әдістемелік құралдың өзектілігі Қазақстан мектептерінің қазақ тіліндегі балалардың заманауи хорлық репертуарымен жеткілікті қамтамасыз етілмеуіне байланысты. Бұл құралдың бірегейлігі оның көп функционалдығында және Қазақстан Республикасында аналогының жоқтығында.

Автор жұмыстың мақсатын, қазақ тіліндегі жаңа балалар репертуарын зерттеу мен пайдаланудағы құралдың әмбебаптығын, композицияларды бір уақытта тыңдаудың, әдеби мәтінді оқудың және ноталық материалды ойнатудың инновациялық мүмкіндігі кезінде дәлелді түрде баяндады.

Міндеттері:

- 1) студенттердің оқытылушылармен шығармашылық байланысын орнату;
- 2) хорлық репетициялар процесінде өз талаптары мен тілектерін қысқа және нақты тұжырымдау;
- 3) ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті өнімді бөлу;
- 4) музыкалық ойлау мен процестің негізгі заңдылықтарына сүйене отырып, заманауи педагогикалық міндеттерді анықтау және шығармашылықпен шешу; шығармашылық
- 5) оқу үдерісін ұйымдастыру дағдыларын алу, талдау және қолдану;
- 6) студенттерді өздерінің одан әрі ғылыми және шығармашылық жұмыстарында осындай құралдарды құруға итермелеу;
- 7) студенттерді «Педагогикалық практикадан» өтетін белгілі бір балалар құрамы үшін ұсынылған оқу-әдістемелік құралында ұсынылған шығармаларды дербес аударуға ынталандыру.

Жұмыстың мазмұны педагогикалық практика шеңберінде «Хорды дирижерлеу» мамандығы студенттерінің дағдыларын оқыту мен дамытудың әдістемелік принциптеріне негізделген: кәсіби шеберлік дағдылары; вокалдық-хорлық дағдылар; жұмыстың жүйелілігі; педагогикалық коммуникация

дағдылары; концерттік қойылым жағдайында орындаушылық дағдыларды жетілдіру және т.б.

Бұл электронды оқу-әдістемелік құралы Құрманғазы ат. ҚҰК-ның ОӘК-де талқыланып 05.12.2024 ж. № 03 хаттама) баспадан шығаруға рұқсат етілген.

Н.Т. КУЛДАНОВ – Тәрбие және әлеуметтік жұмыстар жөніндегі проректоры:

О.В. Чалованың «Балаларға арналған хор музыкасы» атты электронды оқу-әдістемелік құралының қазақша мәтіні толыққанды әрі сауатты аударылмаған, сондықтан оны баспаға ұсыну мәселесін қайта қарау қажет. Мәтінді редакциялау және тілдік нормаларға сәйкестендіру ұсынылады. Мысалға, «әнмен дыбыс алу», «дыбыстану» сияқты спецификалық сөздер музыка саласында қолданылмайды. Бұл терминдердің орнына музыкалық контекстке сай келетін балама сөздерді іздестіру қажет. Тіпті филолог аударған жағдайда да, мәтінді музыка маманына көрсетіп, терминологиялық дәлдігін тексеру қажет еді. Бұл салалық ерекшеліктерді ескеру үшін маңызды.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD):

Жақсы, түсінікті. «Дирижерлеу» кафедрасының аға оқытушысы О.В. Чалованың «Балаларға арналған хор музыкасы» атты электронды оқу-әдістемелік құралының қазақша мәтіні қайта қарастылып келесі Ғылыми кеңеске ұсынылсын

Х.М. ХАЛИЛОВА – «Ішекті аспаптар» кафедрасының меңгерушісі:

4.4 Құрметті ҒК Төрағасы және мүшелері! Назарларыңызға «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті А.С. Бекенованың «Айтқали және Арман Жайымовтардың альт пен фортепианоға арналған шығармалары (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)», «Альт және фортепианоға арналған түркі әлемі композиторларының шағармалары» және «Ә. Әбдінұровтың альт және фортепианоға арналған шығармалары» атты жинақтарын ұсынамын.

Бұл жинақтар Құрманғазы ат. ҚҰК-ның ОӘК-де талқыланып («Айтқали және Арман Жайымовтардың альт пен фортепианоға арналған шығармалары (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)» пен «Ә. Әбдінұровтың альт және фортепианоға арналған шығармалары» атты жинақтары 15.05.2025 ж. № 05 хаттама; «Альт және фортепианоға арналған түркі әлемі композиторларының шағармалары» атты жинақ 23.11.2023 ж. № 03 хаттама) талқылаудан өтіп баспадан шығаруға рұқсат етілген.

Аталған жинақтар тек ноталық материал ғана емес, сонымен қатар альт өнерін дамытуға және қазақ музыкасын академиялық ортада насихаттауға ықпал ететін құнды педагогикалық құралдар болып табылатыны және олардың оқу үдерісінде де, концерттік қызметте де пайдалы қолданбалар ретінде, сондай-ақ халықаралық сахналарда мәдениеттер диалогына үлес қосатыны сөзсіз.

«Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті А.С. Бекенованың бұл жинақтары музыка мектептерінің, колледждердің, Консерваторияның және музыкалық жоғары оқу орындарының студенттеріне таптырмас құнды да керек мәліметтері арқылы келешекке білім қоржындарын толықтыруға таптырмас дүние болмақ.

Ғылыми кеңестің «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті, философия докторы (PhD) А.С. Бекенованың «Айтқали және Арман Жайымовтардың альт пен фортепианоға арналған шығармалары (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)», «Альт және фортепианоға арналған түркі әлемі композиторларының шығармалары» және «Ә. Әбдінұровтың альт және фортепианоға арналған шығармалары» атты жинақтарын баспадан шығаруға ұсынылуы бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 28 адам; «қарсы» – жоқ; «қалыс қалғаны» – жоқ. Шешім бір дауыспен: 100 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

4.1. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының 80 жылдығына арналған 2024 жылғы 28 қарашада өткізілген «Өнер синтезі және ұлттық мәдениет мәселелері» атты дөңгелек үстел баяндамаларының жинағы баспадан шығаруға рұқсат етілсін.

4.2. «Түркі халықтарының музыкасы» Бірінші халықаралық симпозиумының 30 жылдығына арналған 2025 жылғы 11 сәуірде өткізілген «Бүгінгі музыкалық түркология: мәселелері мен перспективалары» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференциясының баяндамалар жинағы баспадан шығаруға рұқсат етілсін.

4.3 «Дирижерлеу» кафедрасының аға оқытушысы О.В. Чалованың «Балаларға арналған хор музыкасы» атты электронды оқу-әдістемелік құралының қазақша мәтіні қайта қарастылып келесі Ғылыми кеңеске ұсынылсын.

4.4. «Ішекті аспаптар» кафедрасының доценті А.С. Бекенованың «Айтқали және Арман Жайымовтардың альт пен фортепианоға арналған шығармалары (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде)», «Альт және фортепианоға арналған түркі әлемі композиторларының шығармалары» және «Ә. Әбдінұровтың альт және фортепианоға арналған шығармалары» атты жинақтары баспадан шығаруға рұқсат етілсін.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

5. ТЫҢДАЛДЫ: Кафедра меңгерушілері мен Ғалым хатшының Құрманғазы ат. ҚҰК келесі профессор-оқытушылық құрамын ҚР ҒЖЖБМ-нің ғылыми атақтарына ұсыну туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

М.Т. КОЙЛЫБАЕВА – «Музыкатану және композиция» кафедрасының меңгерушісі:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға

Омарова Аклима Каирденовнаның негіздеме қорытындысын ұсынамын.

5.1 Омарова Аклима Каирденовна – өнертану ғылымдарының кандидаты (1994), доцент (1997), Білім берудің құрметті қызметкері (2004) – өзінің педагогикалық және ғылыми-зерттеу қызметімен ұлттық музыкалық мәдениетті зерттеуге байланысты мәселелерді өзектендіреді.

А.К. Омарованың ғылыми жетекшілігімен қазақстандық тақырып бойынша сегіз кандидаттық диссертация қорғалды (2001-2010 ж.ж.). Оның класының түлектері мамандықта сұранысқа ие, сонымен қатар педагогикалық жұмысты ғылыми-зерттеу және/немесе әкімшілік жұмыспен үйлестіреді: Р.С.Малдыбаева (Р.С.Нұртаза) – ҚазҰӨУ-де (ғылыми жұмыстар жөніндегі проректор), А.Ж.Қазтуғанова – М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында («Музыка зерттеу» бөлімінің меңгерушісі), Ж.А. Қазыбекова – Т. Жүргенов атындағы ҚазҰӨА-да; Құрманғазы атындағы ҚҰК-да Р.К. Жұманиязованың ғылыми жұмыстар және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор ретінде, А.З. Бұлтбаеваның музыка зерттеу және композиция кафедрасының меңгерушісі ретінде (қазіргі уақытта ҚҰК вокал және дирижерлеу факультетінің деканы), А.С. Нүсіпованың Ғалым хатшысы, ЖОО көркемөнер факультетінің деканы ретінде жұмыс тәжірибесі бар (қазіргі уақытта ғылыми-шығармашылық қызмет және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректор). Ол дайындаған ғылым кандидаттарының ішінен үшеуі дарынды жас ғалымдарға арналған Мемлекеттік стипендияға, 1-і «Болашақ» стипендиясына (Г.Я. Тампаева, докторантура), 1-і «Дарын» сыйлығына ие болды, бесеуіне доцент (қауымдастырылған профессор) ғылыми атағы берілді.

Оның ғылыми жетекшілігімен әртүрлі мамандықтар бойынша орындалған Ибрагимова Т. (2021), Ерланова М. (2022), Мүтән М. (2022), Ильмурадова С., Асылбек Б., Төлегенова Б. (2023) магистрлік диссертациялары Мемлекеттік аттестаттау комиссиясының шешімімен оң бағаланды (Т. Ибрагимов, Асылбек Б., Төлегенова Б. қазір Консерваторияда жұмыс істейді). Алдыңғы жылдардың түлектері – Тойболдиев М., Мендалиев А. (опералық-симфониялық дирижерлеу) концерттік-орындаушылық қызметте табысты, Қыдырниязова Ж. (музыка зерттеу) докторантурада оқуын жалғастыруда.

А.К. Омарова – бірнеше жинақтың, оның ішінде қазақ өнерінің көрнекті қайраткерлеріне арналған жинақтардың құрастырушысы. Оның кітаптары – «Жарыстық өнер дәстүрлері және қазақ операсы» (2010), «Қазақстан композиторларының кәсіби шығармашылығы: даму кезеңдері» (2010), «Қазақстанның кәсіби музыкасы: ізденістері мен жетістіктері» (2013), «Қазақ музыка тарихының бұлыңғыр беттері / Забытые страницы истории казахской музыки» (2017) және басқа да бірқатар жарияланымдары (республикалық журналдарда және «Казахстанская правда» газетінде) цифрландырылған және Құрманғазы атындағы ҚҰК электрондық кітапханасы арқылы қолжетімді.

Доцент ғылыми атағы берілгеннен кейін ол 100-ден астам ғылыми жұмыс жариялады, оның ішінде Республикалық және Халықаралық конференциялардың материалдарында (олардың ішінде шетелдік: «Назиб Жиганов и музыкальная

культура современности». – Қазан, 2011; «Наука и инновационные технологии». – Бішкек, 2018; «XXI аср мусика санъати: муаммо ва ечимлар» мавзусидаги Халқаро илмий-амалий конференция материаллари. – Ташкент, 2018; Межд. научная конференция «Из истории этномузыкалогии: судьбы, события, перспективы» Санкт-Петербургская гос. Консерватория им. Н.А.Римского-Корсакова. – Санкт-Петербург, 2019; VIII Межд. Научная конференция «Музыка народов мира. Проблемы изучения: сохранение культурного наследия (к 150-летию со дня рождения А.В.Затаевича)», МГК им. П.И. Чайковского. – Москва, 2019 және т.б.).

Сонымен қатар, оның ғылыми-зерттеу қызметінің нәтижелері «Жұлдыз», «ҚазҰУ хабаршысы», «ҚР ҰҒА Известия» (қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар сериясы), «ҚР ҰҒА Хабарлары», «ҚР ҰҒА Баяндамалары», «Мысль», «Қазақ тілі және әдебиеті», «Ақиқат», «Ізденіс», «Қазақстанның ғылымы мен өмірі», «Керуен» және т.б. журналдарда көрініс тапқан.

Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдарда жарияланған мақалалар Хирш индексі (H-index) бойынша көрсеткіштерге ие: Scopus (ID: 57210747041) – 2, Web of Science Researcher (ID AAQ-1924-2020) – 2. Жаңа материалды ол оқу процесіне, А.Қ. Омарова магистранттарға (бірнеше мамандық, оның ішінде «Музыка зерттеу») оқитын «Музыка зерттеудің өзекті мәселелері» лекция курсына белсенді енгізуде.

Есепті кезеңде оның есебінде – БҒСБК ұсынған басылымдарда 40 жарияланым, Халықаралық конференцияларға жыл сайынғы қатысу; өнертану ғылымдарының 9 магистрі («Аспаптық орындаушылық», «Вокалдық өнер», «Дәстүрлі музыкалық өнер», «Дирижерлеу», «Музыка зерттеу» мамандықтары).

Құрманғазы атындағы ҚҰК қабырғасында мерейтойлық күндерге арналған іс-шаралар өткізу кезінде (Е. Рахмадиевтің 90 жылдығы, 2022 ж., М. Төлебаевтың 110 жылдығы, 2023 ж., С. Мұхамеджановтың 100 жылдығы, 2024 ж., Құрманғазы атындағы ҚҰК-нің 80 жылдығы, 2024 және т.б.) А.К. Омарова редакторлық жұмыстарды орындады.

2025 жылдың бірінші жартыжылдығында 4 Халықаралық конференцияға, Дөңгелек үстелге қатысты. Ол М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми-зерттеу жобаларын жүзеге асыруға қатысуда (қосымша қызмет).

2023 жылы ол біліктілікті арттыру факультетінің бағдарламасы бойынша курстан өтті (ғылыми-практикалық онлайн-семинар «Орталық Азия халықтарының музыкалық мұрасы: тарихы, теориясы, тәжірибесі», Өзбекстан, Ташкент 72 сағат, 20-30 наурыз 2023 ж.); 2025 жылы – «Музыка зерттеу зерттеулерін жүргізудегі әдістемелік қамтамасыз ету», Қ. Байсейітова атындағы Қазақ ұлттық өнер университеті, Астана (2025 жылғы 15-25 қаңтар).

А.К. Омарова 2001 жылдан бастап консерватория проректорының міндетін атқара отырып, қызметі бойынша бірден профессор болуға болатын еді. Бірақ, доцент (ЖАК) ғылыми атағы болғандықтан, мен проректорлық қызметім аяқталғанға дейін осы позицияда болуды жалғастырдым және профессор

лауазымын 2008 жылы жалпы негізде алдым және сол уақыттан бері, қажет болған жағдайда, оны үнемі растаймын.

Әдебиеттер тізімі бойынша (ол ҚҰК сайтында және кафедра мүшелеріне таратылды) – оған бәрі кірмеген. Нысанда ескертулер болмауы үшін мақалалардың тиісті саны, тіпті сәл көп көрсетілген.

А.В. Затаевичтің (2023) және С. Мұхамеджановтың (2024) мерейтойларына дайындалған басылымдар ұсынуға түрткі болды. Қолда бар нәрсені есептей келе, негізінен осы «қадамды» жасауға болатынын түсіндім.

Г.Ж. МУСАГУЛОВА – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті:

Құрметті әріптестер, мен мынаған назар аудартқым келеді: музыкатанушылар арасында Омарова Аклима Каирденовна – сегіз ғылым кандидатын тәрбиелеген санаулы ғалымдардың бірі. Бұл – зор еңбек, мақтануға тұрарлық жетістік. Бұдан бөлек, қаншама кітап жарық көрді, қаншама мақала жарияланды. Бұл – шын мәніндегі қажырлы еңбек.

Ш.А. АМАНЖОЛОВА – Ғалым хатшы:

А.К. Омарованың «Профессор» ғылыми атағына ұсынылуы бойынша өткізілген құжаттар топтамасына жасалған талдау бойынша

Негізгі мәліметтер:

1) уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 20 (жиырма) ғылыми мақала – 40 мақала;

2) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала – 4 мақала;

3) шетел журналдарында – 5 мақала;

4) халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында 3 (үш) баяндама – 25 мақала;

5) оның жетекшілігімен диссертация қорғаған және ғылыми дәрежесі бар 3 (үш) тұлғасы – 8.

Қосымша мәліметтер:

1) авторлық еңбектер – 4;

2) жинақтар – 6;

3) шығармашылық жұмыстар – 4;

4) ұйымдастыру (конференциялар, кездесулер, жинақтар) – 3;

5) ғылыми жобалар – 3;

6) уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда редакциялық алқа – 1.

Құрметті ҒК мүшелері, профессор А.К. Омарованың кандидатурасы «Профессор» ғылыми атағына лайықты деп санаймын және қолдау білдіремін.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын тағайындауымыз қажет. Санақ комиссиясының құрамына үш маманды енгізу ұсынылып отыр: А.М. Джумағалиева, А.А. Карсакбаева, И.А. Гавриленко. Санақ комиссиясының төрағасы – А.М. Джумағалиева. Кімдер осы ұсынысты қолдайды? Дауысқа салайық.

ҚАБЛЫДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Санақ комиссиясының хаттамасын жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы А.М. Джумағалиеваға беріледі.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Дауыс беру барысында Омарова Аклима Каирденовнаның кандидатурасы «60400 Өнер (17.00.00 – Өнертану)» ғылыми бағыты бойынша «Профессор» ғылыми атағына ұсынуды қолдау сұрағы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 27

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 0

Жарамсыз бюллетеньдер саны: 0

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Есеп комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма? Егер жоқ болса, дауыс беру нәтижелерін бекітуді ұсынамын. Барлығыңызға рахмет!

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «27», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі оң шешім.

Б.С. КАЛДАЕВА – «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Аманжолова Ширин Амановнаның негіздеме қорытындысын ұсынамын.

5.2 Аманжолова Ширин Амановна – Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Ғалым хатшысы, «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті, математика және физика ғылымдарының кандидаты, «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнінің оқытушысы. Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университетін бітірді. 2001 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің математика және механика факультетінің дифференциальдық және математикалық теңдеулер кафедрасында аспирантураны тәмамдап, онда «Квазипериодты шешімдер

жүйесінің айналасында инвариантты тордың бар болуы және сақталуы» тақырыбына кандидаттық диссертациясын қорғады (2007).

Аманжолова Ширин Амановна «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасында 2003 бері еңбек етеді. Ол өзін оқу үдерісін жетік білетін, сабақты жоғары ғылыми-теориялық деңгейде өткізетін, білім алушылармен тығыз байланыс орната алатын және оқу материалдарын терең меңгертуге тырысатын оқытушы ретінде көрсете білді. 2016 жылдан бастап жүргізіп келе жатқан пәні түбегейлі ағылшын тіліне ауысты. Осыған орай ағылшын тілін үйрену курстарына қатысып өз білімін жаңа жағынан ізденіп келеді.

Ш.А. Аманжолова шығармашыл тұлға ретінде ғылыми ізденіспен айналысады. Ол консерваторияда жұмыс істеген аралықта өз ізденіс саласы бойынша 25 (15 – ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған журналдарда, 10 – халықаралық және республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялар материалдарында) мақала жариялады. Ш.А. Аманжолованың бастамасы бойынша 2019 ж. бес ЖОО-ның 12 магистранты қатысқан «Қазіргі заманғы мәдениет жас ғалымдар көзімен» ЖОО аралық магистранттарға арналған дөңгелек үстел өткізілген болатын. Сондай-ақ, ол студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік етеді. Ширин Амановна өз мамандығы бойынша соңғы 5 жыл ішінде келесі біліктілікті арттыру курстарына қатысты:

1. Сертификат 72 сағат. Цифрлық сауаттылық негізіндегі онлайн курс: «Онлайн оқыту: мүмкіндіктері мен практикалық қолданысы», Құрманғазы ат. ҚҰК, Алматы қаласы 2020 ж.;

2. Сертификат 72 сағат. ҚБЖҒМ Республикалық «ДАМУ» педагогикалық-психологиялық даму орталығы «Цифрлық бейне сабақтар мен ролик жасау әдіс-тәсілдері», Алматы қаласы 2020 ж.;

3. Сертификат 72 сағат. «Кибербезопасность: вопросы, проблемы и угрозы безопасности», «АІ-КА» Оқу орталығы, Алматы қаласы 2021 ж.;

4. Сертификат 72 сағат. «Разработка электронного курса своими руками: от проекта до реализации». «АІ-КА» Оқу орталығы, Алматы қаласы 2021 ж.;

5. Сертификат 72 сағат. «Возможности использования цифровых образовательных ресурсов в учебном процессе». Құрманғазы ат. ҚҰК, Алматы қаласы 2022 ж.;

6. Сертификат 72 сағат. «Цифрлық гуманитаристика негіздері және оны философиялық-гуманитарлық пәндерді оқытуда қолдану». Эль Фараби ат. ҚҰУ, Алматы қаласы 2022 ж.;

7. Сертификат 72 сағат. «Основы создания образовательного анимационного видео контента». «Rich» ЖШС, Нұр-Сұлтан қаласы, 2022 ж.;

8. Сертификат 72 сағат. «Цифровые инструменты и сервисы в профессиональной деятельности преподавателя в условиях современного образования». «АІ-КА» Оқу орталығы, Алматы қаласы 2021 ж.;

9. Сертификат 72 сағат. «Визуализация данных в Power BI». «АІ-КА» Оқу орталығы, Алматы қаласы 2023 ж.

Ш.А. Аманжолова студенттердің ғылыми жұмыстарына жетекшілік етеді. Оның студенттері халықаралық және республикалық деңгейдегі конференцияларға қатысып жүлделі орындарға ие болған. Атап айтқанда,

1. Закирова Асем. «Арнайы фортепиано» мамандығы. 2 курс студенті. Диплом-көрермендер көзайымы жүлдесі. Тақырып: «Связь математики с музыкой». V халықаралық Фараби оқулары аясындағы «Фараби Әлемі» «Ғылымдағы студент – болашақтың зияткерлік әлеуеті» атты XXXII халықаралық студенттер мен жас ғалымдардың ғылыми конференциясы. Эль-Фараби атындағы ҚҰУ, 11 сәуір 2017 ж.

2. Токмагамбетов Өркен. «композиция» мамандығы. 2 курс студенті. 1-орын. Диплом. Тақырып: ««Современные музыкальные технологии – Секвенсоры». «Қазіргі заманғы шығармашыл жастардың құндылық әлемі» атты тақырыпта студенттердің кезекті ғылыми-практикалық конференциясы, ӘГП каф. Құрманғазы атындағы ҚҰК, 25 сәуір 2017 ж.

3. А. Иманғалиева, Ф. Жакенова. «Хорды дирижерлеу» мамандығы, 3-орын. Диплом. «Білім беру үдерісінде бұлтты қызметтерді қолдану». «Тәуелсіз Қазақстан: шындық және перспектива» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған III жыл сайынғы Жоғары оқу орындары арасындағы студенттік ғылыми-практикалық конференция. Құрманғазы атындағы ҚҰК, 28 апреля 2021 ж. Алматы.

4. Қуат Б. «Ішекті аспаптар» мамандығы, 1-орын. Диплом. «Технологическиедостижения вмузыкальной сфере». «Тәуелсіз Қазақстан: шындық және перспектива» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған IV жыл сайынғы Жоғары оқу орындары арасындағы студенттік ғылыми-практикалық конференция. Құрманғазы атындағы ҚҰК, 26 апреля 2022 ж. Алматы.

Әріптестері Ширин Амановнаның белсенді өмірлік ұстанымын – тек кафедраның ғана емес, ЖОО-ның өміріне қатысуға деген ұмтылысын, оның адал, жауапты, кішіпейіл, көпшіл тұлға және студенттерге тәлімгер, ақылшы бола білуін құрметтейді.

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы (30 сәуір, 2025 ж., № 09 хаттама) Аманжолова Ширин Амановнаның кандидатурасын қарастырды және оны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «21100 Компьютерлік ғылымдар және информатика» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына лайықты деп санайды.

Құрметті ҒК мүшелері қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

А.С. НУСУПОВА – Төраға орынбасары, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.:

Ш.А. Аманжолова 2020-2021 оқу жылдары және 2022 жылдан бері Консерваторияның Ғалым хатшы қызметін атқарады. Мемлекеттік наградаға

ұсынылатын құжаттарды жіберу, Ғылыми кеңеске ұсынылатын құжаттарды реттеу, күн тәртібін дайындау, Ғылыми кеңесті ұйымдастыру, Хаттамасын дайындау сияқты жұмыстарды тиімді атқарды.

Ш.А. Аманжолова 2021-2022, 2022-2023 оқу жылдарында 2 жыл бойы Консерваторияның Оқу-әдістемелік кеңестің хатшысы және 2017-2024 жылдар аралығында «Профессор-оқытушылар құрамының және ғылыми қызметкерлердің бос лауазымдарға конкурстық орналасуын іріктеу бойынша конкурстық комиссиясы» -ның хатшысы қызметтерін де қоса атқарды.

Қазіргі күнге дейін Консерваторияның профессор-оқытушылар құрамына оқу-әдістемелік семинарларын ұйымдастырады және осы мәселелерге қатысты Консерваторияның барлық іс-шараларына қатысады. Атап айтқанда,

1. «Онлайн оқыту: мүмкіндіктері мен практикалық қолданысы» атты цифрлық сауаттылық негізінде ұйымдастырылған біліктілікті арттыру курсы. Құрманғазы ат. ҚҰК, 18.06.2020-24.06.2020 ж.

2. «Платонус жүйесінде тиімді жұмыс істеу жолдары» атты онлайн әдістемелік семинар. Құрманғазы ат. ҚҰК, 09.10.2020 ж.

3.«Google қосымшалары мен тиімді жұмыс істеу жолдары» атты онлайн әдістемелік семинар. Құрманғазы ат. ҚҰК, 20.11.2020 ж.

4. «Microsoft Word – 2019 бағдарламасында электрондық оқулықтар жасау» атты онлайн әдістемелік семинар. Құрманғазы ат. ҚҰК, 10.11.2021 ж.

5. «Оқу үдерісінде сандық білім беру ресурстарын пайдалану мүмкіндіктері» атты онлайн әдістемелік семинар. Құрманғазы ат. ҚҰК, 19.01.2022-21.01.2022 ж.

6. «Программа iSpining Suite 11. Быстрый конструктор онлайн курсов» атты онлайн әдістемелік семинар. Құрманғазы ат. ҚҰК, 16.01.2025-17.01.2025ж.

Ш.А. Аманжолованың ұзақ жылдық ғылыми-шығармашылық және педагогикалық тәжірибесін ескере отырып, оны «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуға толықтай негіз бар деп санаймын.

С.И. УТЕГАЛИЕВА – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор (БҒСБК):

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, Аманжолова Ширин Амановнаның кандидатурасын қолдаймын. Шынында да, оның атқарып жатқан жұмыстары өте көп және мақтауға лайық деп санаймын. Жоғары деңгейдегі білікті де кәсіби маман. Және де Консерваториямыздың студенттеріне ақпараттық-технологиялар бойынша білімдерін жан-жақты дамуына үлкен үлес қосып келе жатқан талантты маман деп санаймын, бұған жоғарыда айтылған жұмыстары дәлел бола алады деп ойлаймын. Тек сәттілік тілеймін.

А.С. НУСУПОВА – Төраға орынбасары, Ғылыми-инновациялық қызмет, шығармашылық даму және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі проректордың м.а.:

А.Т. Есетованың «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынылуы бойынша өткізілген құжаттар топтамасына жасалған талдау бойынша

Негізгі мәліметтер:

6) уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 10 (он) ғылыми мақала – 8 мақала;

7) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала – 4 мақала;

8) халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында – 2 мақала;

9) Ғылыми кеңес ұсынған оқу құралдары – 1.

Қосымша мәліметтер:

7) халықаралық және республикалық конференциялар, байқауларға жетекшілік ету – 4;

8) біліктілікті арттыру курстары – 9.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын тағайындауымыз қажет. Санақ комиссиясының құрамына үш маманды енгізу ұсынылып отыр: А.М. Джумағалиева, А.А. Карсакбаева, И.А. Гавриленко. Санақ комиссиясының төрағасы – А.М. Джумағалиева. Кімдер осы ұсынысты қолдайды? Дауысқа салайық.

ҚАБЛЫДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Санақ комиссиясының хаттамасын жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы А.М. Джумағалиеваға беріледі.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Дауыс беру барысында Аманжолова Ширин Амановнаның кандидатурасы 21100 Компьютерлік ғылымдар және информатика (21106 Компьютерлік ғылымдарындағы пәнаралық қолдану) ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуды қолдау сұрағы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 27

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 1

Жарамсыз бюллетеньдер саны: 0

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Есеп комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма? Егер жоқ болса, дауыс беру нәтижелерін бекітуді ұсынамын. Барлығыңызға рахмет!

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «27», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі оң шешім.

Б.С. КАЛДАЕВА – «Әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі:

5.3 Айнұр Такеевна Есетова – педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент, орыс тілінен білім беретін кәсіби педагог. 1995 жылы «Қазақ мектебіндегі орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша ЖОО бітірген. 1999 жылы «Орыс тілін оқыту теориясы мен әдістемесі» мамандығы (шифры – 13.00.02) бойынша Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінің (Абай атындағы ҚазҰПУ) аспирантурасын бітіріп, «Тілдік емес ЖОО-да орыс тілінің практикалық курсына паронимикалық лексиканы оқытудың ғылыми негіздері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған.

А.Т. Есетованың педагогикалық өтілі – 19 жыл. Соның ішінде ол 1995–2004 жылдар аралығында Алматы технологиялық университетінің «Орыс және шет тілдері» кафедрасында аға оқытушы (1995–2000 жж.), кейін «Мемлекеттік және әлем тілдері» кафедрасында доцент м.а. (2001–2004 жж.) қызметін атқарды. 2016 жылдан бастап, қазіргі уақытқа дейін, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасында» қызмет етеді (2016–2021 жж. аралығында - аға оқытушы, 2021 ж. бастап – доцент).

Педагогикалық қызметі барысында ол өзін білікті, жауапкершілігі мол, оқу үдерісін жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейде жүзеге асыратын маман ретінде танытты. Педагогика ғылымдарының кандидаты ретінде Құрманғазы атындағы ҚҰК барлық факультеттерінде бакалавриат деңгейіндегі міндетті пәні - орыс тілінен қазақ топтарында орыс тілінде сабақ береді. Қазақ тілін де жетік меңгерген.

А.Т. Есетова – айқын мақсат қоя білетін, жігерлі, бастамашыл және өзіндік көзқарасы бар заманауи оқытушылар қатарына жатады. Ол лингвистика мен педагогика салаларындағы соңғы ғылыми жетістіктерді хабардар, әрдайым кәсіби біліктілігін жетілдіріп отыратын маман. Оқыту үдерісінің сапасын қамтамасыз ету мақсатында білім берудің жаңа технологиялары мен инновациялық оқыту формаларын тиімді пайдаланады. Өзінің қызметтік міндеттеріне үлкен жауапкершілікпен қарайды, кафедра мен жоғары оқу орнының жұмысына белсенді түрде қатысады.

А.Т. Есетова – «Кәсіби орыс тілі» пәні бойынша бірқатар үлгілік оқу бағдарламаларының, орыс тілі пәнінен әдістемелік нұсқаулықтардың, сондай-ақ орыс тілінің ПОӘК-нің (B1, B2, C1 деңгейлері) авторы. Жұмыс барысында ол өзі оқытатын пәннің бағдарламасына сәйкес оқу кейстерін, презентациялар, аралық аттестацияға арналған бақылау тапсырмалары мен емтихан билеттерін әзірледі.

Қарастырылып отырған уақыт аралығында А.Т. Есетова 50-ден астам ғылыми және ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялады. Солардың қатарында ҚР БҒМ БҒСБК ұсынған басылымдар тізіміне, РФДИ жүйесіне, SCOPUS ғылыми

дерекқорына енген басылымдарда және шетелдік журналдарда, халықаралық конференциялардың жинақтарында жарық көрген мақалалары бар. А.Т. Есетова – филология, педагогика, психология, лингвомәдениеттану, прагмалингвистика бағыттары бойынша өтетін республикалық және халықаралық конференциялардың белсенді қатысушысы. Педагогикалық қызметі барысында орыс тілі пәні бойынша тілдік емес жоғары оқу орындарының қазақ бөлімінде оқитын студенттеріне арналған бірнеше оқу құралын әзірлеп, жарыққа шығарды.

2019 жылы Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның Оқу-әдістемелік кеңесі А.Т. Есетованың «Кәсіби орыс тілі» пәні бойынша «Аспаптық орындаушылық» және «Дирижерлеу» мамандықтарына арналған екі оқу құралын баспаға ұсынды. 2023 жылы Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның Ғылыми кеңесінің ұсынысымен А.Т. Есетованың «Орыс тілі. Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның барлық мамандықтарының қазақ бөлімінің 1-курс студенттеріне арналған оқу құралы (B2 деңгейі)» жарық көрді. Сол жылы Оқу-әдістемелік кеңес кафедра оқытушыларымен бірлесіп әзірленген ҚҰК-ның барлық мамандықтарында білім алатын шетелдік студенттерге арналған «Орыс тілі» (A1 бастапқы деңгей,) оқу құралын баспаға ұсынған болатын. А.Т. Есетова дайындаған барлық оқу құралдары оқу үдерісіне енгізілген. Сонымен қатар, ол Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі және Оқу-ағарту министрлігі ұсынған, орыс тілінде оқытпайтын жалпы білім беретін мектептерге арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулықтарының (3, 4, 6 және 11 сыныптар үшін) авторы болып табылады.

А.Т. Есетова студенттердің ғылыми зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді. 2020–2025 жылдар аралығында оның жетекшілігімен студенттер Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның ЖОО аралық ғылыми конференцияларында І және ІІ дәрежелі дипломдарға ие болды, сондай-ақ тілдік пәндер бойынша ЖОО аралық олимпиадада І, ІІ және ІІІ орындарды иеленді. А.Т. Есетова жетекшілік еткен студенттер ТМД көлеміндегі түрлі тілдік байқауларға қатысты, Халықаралық және Республикалық ғылыми конференцияларда баяндамалар жасады, «Орыс тілі» пәні бойынша Республикалық және Халықаралық олимпиадаларда жүлдегер атанды (байқаулар мен олимпиадалар ұйымдастырушыларының алғыс хаттары бар).

«Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасы (30 сәуір, 2025 ж., № 09 хаттама) Есетова Айнура Такеевнаның кандидатурасын қарастырды және оны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «60200 Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына лайықты деп санайды.

Құрметті ҒК мүшелері қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Г.Ж. МУСАГУЛОВА – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы:

А.Т. Есетова жүйелі түрде тәрбие жұмыспен де айналысады. Ол консерватория студенттерінің театрларға, мұражайлар мен кітапханаларға

баруын ұйымдастырады. Студенттерді патриоттық және рухани-адамгершілік тұрғыда тәрбиелеуге және ғылым мен мәдениеттің, қоғамдық өмірдің өзекті мәселелерін талқылауға бағытталған тақырыптық тәрбие сағаттарын, атаулы күндер мен мерекелерге арналған әдеби кештер, поэзиялық викториналар, пікірталастар мен квиз-турнирлерді дайындауға және өткізуге атсалысады. Консерваторияда ұйымдастырылатын әртүрлі іс-шараларға белсенді түрде қатысады.

2017-2023 оқу жылдары аралығында А.Т. Есетова Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның бакалавриат деңгейіндегі пәндерінің оқу-әдістемелік кешендерін тексеру комиссиясының құрамында жұмыс істеді, сондай-ақ СМЖ сәйкестік жөніндегі комиссия құрамында (СМЖ сәйкестігін растау) қызмет атқарды. Ол «Сапа менеджменті жүйесінің аудиторы» сертификатының иегері. 2019-2020 оқу жылында сыбайлас жемқорлыққа қарсы «Sanaly ugraq» – «Саналы ұрпақ» клубының жұмысына жетекшілік етті. 2020-2022 жылдары тілдік пәндер бойынша апелляциялық комиссияның төрағасы (бакалавриат, магистратура деңгейінде) қызметін атқарды.

Сонымен қатар, А.Т. Есетова Құрманғазы атындағы ҚҰК базасында «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының ұйымдастыруымен жыл сайын өткізілетін ЖОО аралық Тілдік пәндік олимпиадасының құжаттарын әзірлеуші және ұйымдастырушысы болып табылады. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы күніне арналған іс-шаралар аясында барлық мамандықтардың 1-курс студенттері арасында жыл сайын өткізілетін диктанттың ұйымдастырушысы. 2017 жылдан бастап тілдік пәндер бойынша оқу-әдістемелік жұмыстарды жүргізіп келеді. Қазақстанның жалпы білім беретін мектептеріне арналған «Орыс тілі мен әдебиеті» оқулықтарын «жасырын» (соқыр) рецензиялау және шолу жасау жұмысына қатысады, оқу құралдары мен оқу-әдістемелік және ғылыми еңбектер мен жобаларға сын-пікір береді, сараптамалық қорытынды жасайды.

А.Т. Есетова – белсенділік өмірлік ұстанымы болып табылатын, жағымды адами қасиеттерді өз бойында үйлестіре білген, өзінің кәсіби саласына қатысты мәселелерді жетік білетін оқытушы. Ол өзін жауапкершілігі жоғары, тәртіпті және ұқыпты, өз жұмысына адал, біліктілігін арттыруға және кәсіби дамуға ұмтылыс секілді іскерлік қасиеттерге ие қызметкер ретінде көрсете білді. Студенттер мен әріптестері арасында белделді, абыройлы тұлға.

2022 жылы білім беру саласының дамуына қосқан елеулі үлесі мен жемісті еңбегі үшін А.Т. Есетова Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрлігінің Құрмет грамотасымен марапатталды.

Ш.А. АМАНЖОЛОВА – Ғалым хатшы:

А.Т. Есетованың «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынылуы бойынша өткізілген құжаттар топтамасына жасалған талдау бойынша

Негізгі мiлiметтер:

10) уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 10 (он) ғылыми мақала – 9 мақала;

11) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала – 3 мақала;

12) халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында – 20 мақала;

13) Ғылыми кеңес ұсынған оқу құралдары – 3.

Қосымша мәліметтер:

9) халықаралық және республикалық конференциялар, байқауларға жетекшілік ету – 15;

10) тіптік бағдарламалар РОӘК тарапынан бекітілген – 16.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын тағайындауымыз қажет. Санақ комиссиясының құрамына үш маманды енгізу ұсынылып отыр: А.М. Джумағалиева, А.А. Карсакбаева, И.А. Гавриленко. Санақ комиссиясының төрағасы – А.М. Джумағалиева. Кімдер осы ұсынысты қолдайды? Дауысқа салайық.

ҚАБЛЫДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Санақ комиссиясының хаттамасын жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы А.. Джумағалиеваға беріледі.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Дауыс беру барысында Есетова Айнур Такеевнаның кандидатурасы «60200 Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуды қолдау сұрағы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 26

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 1

Жарамсыз бюллетеньдер саны: 0

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Есеп комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма? Егер жоқ болса, дауыс беру нәтижелерін бекітуді ұсынамын. Барлығыңызға рахмет!

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «26», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі оң шешім.

Ғ.Ғ. ҒАБДРАХИМОВА – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Ардак Бекмуратовнаның негіздеме қорытындысын ұсынамын.

Исатаева Ардак Бекмуратовна – қазақ өнерінің жанашыры, білікті ұстаз, дарынды әнші. Ол 1993-1998 жылдар аралығында Құрманғазы атындағы Алматы мемлекеттік консерваториясының «Халық музыкасы» факультетінде, «Халық әні» кафедрасында, Арқа әншілік мектебі бойынша Бекболат Тілеуханның класынан дәріс алған.

Әншілік жолын 1997 жылы Ұлан гвардиясы жанынан құрылған «Президент оркестрі»-нің солисті болудан бастаған. 1998-2005 жылдар аралығында Алматы Мемлекеттік «Гүлдер» ансамблінің жеке солисті ретінде алыс-жақын шетелдерде және еліміздің әр өңірлерінде гастрольдік сапарларда өнер көрсетті.

Ардак Исатаеваның халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаты, атап айтқанда

1) 1998 жылы Жүсіпбек Елебеков атындағы I Республикалық конкурстың лауреаты, бірінші орын иегері;

2) 2000 жылы Қырғызстанның Ош қаласында өткен халықаралық байқаудың Бас жүлдегері;

3) 2008 жылы «Қазақстанның Мәдениет қайраткері» белгісімен марапатталған;

4) 2014 жылы Халықаралық «Дала даусы» радио фестивалінің жүлдегері;

5) 2015 жылы «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды.

2000 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін А. Исатаева Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Халық әні» кафедрасында Арқа әншілік мектебі бойынша дәріс беріп, шәкірт тәрбиелеуде. Осы жылдар ішінде Ардак Исатаеваның класынан білім алған шәкірттері елімізге танымал өнерпаздарға айналды. Олардың арасында Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Ақан Әбдуәлиев, Ерлан Рысқали, мәдениет саласының үздіктері Амангелді Күзеубай (PhD докторы), Құралай Шаяхметов, Қазыбек Әдікеев, Талғат Әбуғазы, Жақсыкелді Маясаров, Перизат Тұрарова, Айгерім Нартүеева және халықаралық, республикалық байқаулардың жүлдегерлері Есбол Шаңбаев, Алтын Смасейтова, Назира Бейсенова, Балдырған Жакеева, Біржан Бәзілжанов, Нұрсұлтан Елемесов, Елтоқ Сымбат, Көшербаева Диана, Бекниязов Әміржан, Сатыбалды Мағжан, Рахимбердиев Дамир, Әбілхасимова Ұлжан, Кабикенова Камшат және т.б. бар.

А. Исатаева оқытушылықпен қатар шебер орындаушы ретінде қазақтың ән өнерін әлемге танытуда. Ол АҚШ, Канада, Испания, Италия, Швейцария, Франция, Қытай, Гонконг, Сингапур, Корея, Үндістан, Түркия, БАӘ, Румыния, ТМД елдерінде гастрольдік сапарларда болып, өнер көрсеткен.

Мемлекеттік мәдени ірі жобаларға да қатысып, өнер мен мәдениет саласына өз үлесін қосып келеді. «Хабар», «Қазақстан Ұлттық арнасы», «Алматы», «Білім және Мәдениет» телеарналарындағы «Алтыбақан», «Бәрі есімде», «Әңгіменің ашығы», «Жетісаз», «Дала думан», «Сегіз қырлы», «Саз толғау», «Дала даусы», «Телқоңыр», «Айтуға оңай», «Бір әннің тарихы», «Дала сазы», «Ғасырлар

пернесі», «Қайырлы таң», «Мен Қазақпын» мега жобаларында, «Qamshy.kz» порталы ұйымдастырған «Қазақ дауысы – 2020» халықаралық жобасында, «Ұлы дала сазы», Абай тв «Сырлы саз», Домбыра ұлттық телеарнасы және т.б. телевизиялық хабарлар арқылы республика жұртшылығына дәстүрлі әнші ретінде кеңінен танылған. Сонымен қатар «Мәдени Азияда», Астана күнінің мерекесіне арналған «Астана Арқау», «Астанаға тарту», «Инжу-маржан», Халықаралық «Алтын домбыра» тәрізді дәстүрлі музыка фестивальдеріне, ұлттық дәстүрлі музыкаға арналған іс-шараларға, концерттерге үнемі қатысады. Өндері Қазақ радиосының Алтын қорына енген.

А. Исатаева әр жылдары еліміздің жоғары және орта музыка оқу орындарында өтетін Мемлекеттік емтихан төрайымы болып арнайы шақырту алады. Жас өнерпаздардың орындаушылық деңгейін бағалауда жыл сайын өтетін әртүрлі республикалық дәстүрлі әншілер конкурсында әділ-қазы құрамында отырады.

Біліктілігін арттыру курстары:

1) 2016 жылы «Құзыреттілік тәсіл аясында білім беру бағдарламасының жаңа дизайны» (72 сағат), Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы;

2) 2016 жылы «Білім беру аясындағы басқару құзыретін дамыту» (72 сағат), Құрманғазы атындағы ҚҰК-сы;

3) 2020 жылы «Цифрлық сауаттылық негізіндегі: Онлайн оқыту "Мүмкіндіктері мен практикалық қолданысы"» (72 сағат);

4) 2022 жылы «Узбекское музыкальное наследие: история, теория, практика» (72 сағат), Өзбекстан, Ташкент;

5) 2024 жылы «Инклюзивті жоғары мектеп: ЕБҚ бар студенттерге арналған қолайлы білім беру ортасын құру» (80 сағат), «Білім-сапа» Оқу орталығы;

6) 2024 жылы «Түрік музыкасы» (72 сағат), Ыстамбұл, Мимар Синан көркем өнер университеті.

2014-2016 жылдары Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Халық әні» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған. 2018 жылы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін дамытуға қосқан зор үлесі үшін Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрі Е. Сағадиевтің алғыс хатымен марапатталған. 2008 жылы аға оқытушы, 2016 жылы доцент лауазымына тағайындалды.

А. Исатаева «Халық әні» кафедрасында ұзақ жылдар бойы жұмыс жасап келе жатқан тәжірибесі мол, жауапкершілігі жоғары, белсенді, өзіндік оқыту әдістемесі қалыптасқан ұстаз. Әріптестері арасында беделді, шыншыл, жолдастарына сыйлы, адал, шәкірттеріне құрметті ұстаз, қоғамдық жұмыстарға белсене араласады.

«Халық әні» кафедрасының 2025 жылдың 17 сәуірінде (№ 09 хаттама) өткен мәжілісінде Исатаева Ардак Бекмуратовнаның кандидатурасы талқыланды және 60400 Өнер (17.00.00 – Өнертану) ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін Ғылыми кеңеске ұсынылды.

З.Ш. ИЗМУРАТОВА – «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі:

Исатаева Ардақ Бекмұратқызы жиырма бес жылдан бері «Халық әні» кафедрасында жұмыс атқарып келеді. Өнерде өз орны бар, халық қошеметіне иеленіп жүрген әнші. А. Исатаева «Халық әні» кафедрасында ұзақ жылдар бойы жұмыс жасап келе жатқан тәжірибесі мол, жауапкершілігі жоғары, белсенді, өзіндік оқыту әдістемесі қалыптасқан маман. Әріптестері арасында беделді, шыншыл, жолдастарына сыйлы, адал, шәкірттеріне құрметті ұстаз. Сонымен қатар А. Исатаева жас өнерпаздардың орындаушылық деңгейін бағалауда жыл сайын өтетін әртүрлі республикалық дәстүрлі әншілер конкурсында қазылар құрамында отырады. Исатаева Ардақты тәжірибелі маман, кәсіби әнші ретінде қауымдастырылған профессор (доцент) лауазымына лайық деп санаймын.

Ардақ Исатаеваның кандидатурасын «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін қолдаймын. Сәттілік тілеймін.

А.А. КАРСАКБАЕВА – «Қобыз және баян» кафедрасының меңгерушісі:

Исатаева Ардақ Бекмұратқызы Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваторияны аяқтағаннан кейін, ұстаздық қызметке шақырылып, осы оқу орнында жиырма бес жылдан бері табысты еңбек етіп келе жатқан білікті маман. Ұстаздық қызметтің басты мақсаты – білім беру, шәкірт тәрбиелеу және ұлттық өнерді болашақ ұрпаққа жеткізу болса Ардақ бұл міндеттерді жоғары деңгейде атқарып келеді. Ол шығармашылық қызметі мен оқытушылықты қатар алып жүріп, көптеген дарынды шәкірттер тәрбиеледі. Шәкірттерінің бірқатары бүгінде халық ықыласына бөленген, мемлекеттік марапатқа ие болған өнер иелеріне айналды. А. Исатаева оқытушылықпен қатар басшылық салада да белсенділік танытты. «Халық әні» кафедрасының меңгерушілік қызметін атқарып, кафедраның дамуына сүбелі үлес қосты. Исатаева Ардақтың репертуары бай, әр алуан жанрдағы әндерді еркін әрі шебер орындайтын кәсіби деңгейі жоғары, орындаушылық ауқымы кең әнші.

Исатаева Ардақтың ұзақ жылдық шығармашылық және педагогикалық тәжірибесін ескере отырып, оны қауымдастырылған профессор (доцент) ғылыми атағына ұсынуға толықтай негіз бар деп санаймын.

С.И. УТЕГАЛИЕВА – Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, өнертану ғылымдарының докторы, профессор (БҒСБК):

Исатаева Ардақ Бекмұратқызы 2000 жылдан бастап дәл қазіргі уақытқа дейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы, «Халық әні» кафедрасында Арқа әншілік мектебі бойынша дәріс беріп келеді. Осы аралықта көптеген шәкірттерді тәрбиелеп, оның ішінде халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттарын шығарды. Оның класынан шыққан студенттер бүгінде елімізге танымал өнерпаздарға айналууда.

Ардақ Бекмұратқызы тек қана ұстаз емес, сонымен қатар білікті басшы ретінде 2014-2016 жылдары кафедра меңгерушісі қызметін атқарды. Биылдан бастап кафедра меңгерушісі болып қайта тағайындалды.

Исатаева Ардақ жыл сайын еліміздің жоғары және орта музыка оқу орындарында өтетін Мемлекеттік емтихан төрайымы және облыстық филармонияларда өтетін әртістерді аттестаттау комиссиясы құрамында арнайы шақырту алады. Кәсіби әнші ретінде елімізде және шет мемлекеттерде өтетін мемлекеттік ресми іс-шараларға қатысып өнер көрсетеді.

Құрметті әріптестер, доцент А. Исатаеваның осы аралықта жасап жүрген еңбегін баршамыз жақсы білеміз, сондықтан Ардақ Бекмұратқызын кандидатурасын «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына лайықты деп санаймын және қолдау білдіремін.

Ш.А. АМАНЖОЛОВА – Ғалым хатшы:

Исатаева Ардақ Бекмуратовнаның «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынылуы бойынша өткізілген құжаттар топтамасына жасалған талдау бойынша

Негізгі мәліметтер:

- 14) Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері: жеке концерттер – 5; аралас концерттер – 78;
- 15) шетелде ұсынылған 1 (бір) шығармашылық еңбегі – 4;
- 16) халықаралық конкурса, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 1 (бір) рет қатысуы – 19;
- 17) Даярлаған тұлға (ұжым) ретінде республикалық, халықаралық (Қазақстан Республикасының уәкілетті органы бекіткен), шетелдік конкурстардың, көрмелердің, фестивальдардың, сыйлықтардың, олимпиадалардың лауреаты, жүлдегері – 22.

Қосымша мәліметтер:

- 11) Құрметті атақ алғанға дейінгі шетелдегі шығармашылық жұмыстар – 23;
- 12) Телевидение, радио арналарындағы сұхбаттар – 24;
- 13) Тв бағдарламаларында сарапшылық жасау – 8;
- 14) Шеберлік сабақтар – 3;
- 15) Мемлекеттік емтиханда төрағалық қызметі – 6.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын тағайындауымыз қажет. Санақ комиссиясының құрамына үш маманды енгізу ұсынылып отыр: А.М. Джумағалиева, А.А. Карсакбаева, И.А. Гавриленко. Санақ комиссиясының төрағасы – А.М. Джумағалиева. Кімдер осы ұсынысты қолдайды? Дауысқа салайық.

ҚАБЛЫДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Санақ комиссиясының хаттамасын жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы А.М. Джумагалиеваға беріледі.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Дауыс беру барысында Исатаева Ардак Бекмуратовнаның кандидатурасы «60400 Өнер (17.00.00 – Өнертану)» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуды қолдау сұрағы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 27

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 0

Жарамсыз бюллетеньдер саны: 0

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Есеп комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма? Егер жоқ болса, дауыс беру нәтижелерін бекітуді ұсынамын. Барлығыңызға рахмет!

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «30», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі өң шешім.

Ғ.Ғ. ҒАБДРАХИМОВА – «Халық музыкасы» факультетінің деканы:

«Халық әні» кафедрасының доценті Исатаева Ардак Бекмуратовнаның осы уақытқа дейін атқарған шығармашылық жұмыстары құрмет пен қошеметке лайық деп санаймын. Атап айтсақ, келесі шығармашылық жұмыстар өте жоғары деңгейде жүргізілген:

1. Қазақстан Республикасында ұсынылған шығармашылық еңбектері:

Жеке концерттер: 5 концерт; афишалары pdf форматында көрсетілген, кейбіреуілерінің интернет желісіндегі сілтемесі берілген. Олар:

1) Біржан салдың шығармашылығына арналған онлайн лекция концерт. Тікелей эфир. Фейсбук әлеуметтік желісі, 30 наурыз, 2020 ж. 30 минут.

https://drive.google.com/file/d/1bYY8j77A_DbuhIUVdvTxHAuiam2nF2KZ/view?usp=sharing

www.youtube.com/watch?v=Pfl6ubjACuY

2) «Сырлы ән» Қазақтың халық әндерінен онлайн концерт. Алматы. Құрманғазы ат. ҚҰК-ның, А. Жұбанов атындағы кіші зал, 27 қараша, 2020 ж. 30 минут.

<https://drive.google.com/file/d/1Tunllrch1EZCrSffd399UENFWCTtZbY4/view?usp=sharing>

www.youtube.com/watch?v=1uX2PPG0WkE

3) «Ән -Аманат» атты жеке шығармашылыққа арналған сұхбат концерт. Шалқар радиосы. 12 қазан, 2022 ж. 3 сағат.

https://drive.google.com/file/d/1_GXQEA7tvOJekLf3BiDhIysBVH0lSwg/view?usp=sharing

<https://qazradio.fm/shalqarfm/kz/audio/58539>

4) «Қазақтың дәстүрлі әндерінен лекция концерт». Алматы облысы, Тұздыбастау мәдениет үйі, 10 қараша, 2022 ж. 1 сағат.

<https://drive.google.com/file/d/18cvW8ELuc3wGff2dGOltQgycfq1IxGnp/view?usp=sharing>

5) «Туған жер алтын бесігім» атты жеке шығармашылық кеш. Жамбыл облысы, Сарысу ауданы мәдениет үйі. 26 мамыр, 2023 ж. 2 сағат.

https://drive.google.com/file/d/19jTNbuHjQ_feZmUMyWvPqZqIuin--T1f/view?usp=sharing

Аралас концерттер: 78 концерт; барлығы шығармашылық жұмыстарының кестесінде берілген және афишалары pdf форматында көрсетілген, кейбіреуілерінің интернет желісіндегі сілтемесі берілген.

2. Шетелде ұсынылған шығармашылық еңбектері:

Құрметті атақ алғанға дейінгі шет мемлекеттегі шығармашылық жұмыстар 10 концерт; дипломдары мен афишалары pdf форматында көрсетілген, кейбіреуілерінің интернет желісіндегі сілтемесі берілген. Олар:

1) «8-ші Қиял фестивалі». «Дала мен аспанның арасындағы ән, домбыра мен қобыз» атты дәстүрлі орындаушылардың концерті. Альянс Франсез театры. Париж. Theatre de l'Alliance francaise. Maison des Cultures du Monde. Paris. 11-12 наурыз, 2004 жыл. 12 минут (1 сағат 20 минут).

Орындаған әндер:

- ✓ Әсет «Инжу-Маржан»;
- ✓ Біржан сал «Жонып алды» Халық әні «Ақбақай»;
- ✓ М.Ержанов «Көк көгершін».

<https://drive.google.com/file/d/1HmC2AD4vMM9RoiBJGW6AkZCtIx8tH5kz/view?usp=sharing>

https://www.ressources-mcm.com/s/Ibn_Battuta/item/2158#lg=1&slide=13

2) Америка құрама штатында өткен «Орталық Азияның рухани үндері» атты әйел орындаушылардың концерт. BARDIC DIVAS: SPIRITUAL SOUNDS OF CENTRAL ASIA: MYSTICS, NOMADS, AND TROUBADOURS.

- Канада. Торонто. Canada. TORONTO. Performance at Roy Thomson Hall. 12 қазан, 2007 жыл;
- АҚШ. Бостон. Гарвард университетінің Сандерс театры. Performance at Sanders theater, Harvard University. 14 қазан, 2007 жыл;
- АҚШ. Рочестер. Истман музыка мектебінің Килборн холы. Performance at Kilbourn hall, Eastman school of music. 18 қазан, 2007 жыл;
- АҚШ. Кливленд. Кливеленд табиғи тарих мұражайы. Performance at the Cleveand museum of natural history. 21 қазан, 2007 жыл;
- 5. АҚШ. Энн Арбор. 11.00-де Мичиган университетінің университеттік музыкалық қоғамында лекция көрсетілім. 20.00-де Мичиган орталығында концерт. Lecture demonstration at the university

musical society of the university of Michigan at 11.00 am. Performance at the Michigan center at 20.00 am. 24 қазан, 2007 жыл;

- АҚШ. Нью-Йорк. Карнеги холдың Занкель холы. Performance at Zankel hall, Carnegie hall.. Judy and Artur Zankel Hall. 27 қазан, 2007 жыл;
<https://drive.google.com/file/d/1lr7ATYSIUReQ1XFkz11FLQxWh1Lpg-5/view?usp=sharing>
- АҚШ. Хьюстен. Техас. Техас университеті. Фраймир аудиториясы, Анненберг президенттік конференция орталығы. Frymire Auditorium Annenberg Presidential Conference Center. 28 қазан, 2007 жыл;
<https://drive.google.com/file/d/1G6LbNyO3b6MB7xYi6TbpYTAQbto-pgbM/view?usp=sharing>
- АҚШ. Хьюстон, Техас. Колледж станциясы. Performance at Cullen Performance. 30 қазан, 2007 жыл;
- АҚШ. Лос-Анджелес, Калифорния штаты. Ройс холы. Performance at Royce hall. 02 қараша, 2007 жыл;
- АҚШ. Санта-Барбара. Калифорния штаты. Калифорния университеті, Кампбелл холы. Performance at Campbell Hall, University of California Santa Barbara. 05 қараша, 2007 жыл;
<https://drive.google.com/file/d/1YDIi7dSe7T0Uz-9TXS4y4ue1DMc2BLmV/view?usp=sharing>
- АҚШ. Чикаго. 15.30-да Солтүстік Батыс университетінде лекция көрсетілім. 20.00-де Чикаго мәдени орталығында концерт. Performance at Chicago Cultural Center. 08 қараша, 2007 жыл;
- АҚШ. Чикаго. «Чикаго симфониялық залы. 09 қараша, 2007 жыл.
https://drive.google.com/file/d/15srwLh_RCJT8qiL2TQtEvojM8MfonxI4/view?usp=sharing
<https://drive.google.com/file/d/1NBsvTRYyZtRaNBag8oM5ESujQVSg-UAl/view?usp=sharing>
<https://drive.google.com/file/d/1Ib5CWqnjGOWmUFNt3-6oH5hUGFZH2e9O/view?usp=sharing>

3) Халық әні кафедрасының құрылғанына 20 жылдығына арналған Дәстүрлі қазақ халық музыкасының концерті». Халық әні «Аққұм». Түркия. Анкара қаласы. 08 қыркүйек, 2008 ж. 4 мин.

https://drive.google.com/file/d/1JzMiv8qo1yfXXg_ho6EP0x6MK7LNEtUk/view?usp=sharing

<https://www.facebook.com/share/v/166d14jSmx/>

4) Әйел орындаушылар: «Сингапур өнер фестивалі 2008» Bardic Divas: «Singapore arts festival 2008». Сингапур қаласы. 10-11 маусым, 2008 ж. 4 минут.

https://drive.google.com/file/d/1LT8cQj-wy9g-Xo5kS6LG_Qzj7BbQWhnb/view?usp=sharing

5) Орталық Азияның әйел орындаушылары. Les Bardes d'Asie central. Де Ле Вие театры. Theatre de la Ville. Франция. 15 қараша, 2009 ж. 10 минут.

Орындаған әндер:

- 1) Халық әні «Аққұм»;
- 2) Естай «Сандуғаш»;
- 3) Біржан сал «Жонып алды».

https://drive.google.com/file/d/1puXvwScGzZjZ1YDtBlOtQIVF_RTCUtQA/view?usp=sharing

6) «Дүние жүзіндегі таулардағы музыка фестивалі». Divas (FESTIVAL de MUSIQUE des MONTAGNES du MONDE). 30 LUILLET 1er AOÛT 2009 Bardic ANZERE. Швецария. Анзера қаласы. 30 шілде, 2009 ж. 30 минут (120 минут).

Орындаған әндер:

- 1) Халық әні «Аққұм»;
- 2) Біржан сал «Жонып алды»;
- 3) Әсет «Інжу-Маржан»;
- 4) К.Әзірбаев «Ойжайлау»;
- 5) Естай «Сандуғаш»;
- 6) Үкілі Ыбырай «Гәкку»;
- 7) М. Ержанов «Көк көгершін»;
- 8) Біржан сал «Жалғыз арша»;
- 9) Халық әні «Ақбақай».

<https://drive.google.com/file/d/1I7hncmXcUEm6NFf1QjYI3jsD6khhbn5/view?usp=sharing>

7) «Жібек жолы өнер фестивалі». Орталық Азияның рухани үндері. Bardic Divas. SILK ROAD ARTS FESTIVAL. BARDIC DIVAS: SPIRITUAL SOUNDS OF CENTRAL ASIA: MYSTICS, NOMADS, AND TROUBADOURS. Гонконг. Hong Kong. 24 қазан, 2009 ж. 10 минут.

https://drive.google.com/file/d/1pRgvSC2fBVvdhzmdXdLs_85ez3k8as3E/view?usp=sharing

8) Қазақстанның әйел орындаушылары». АҚШ. Вашенгтон. Евгений мен Агнес Е өнер галереясы. Мейер аудиториясы (FREER GALLERY OF ART EUGENE AND AGNES E. MEYER AUDITORIUM). 06 қазан, 2012 ж. 10 минут.

<https://drive.google.com/file/d/1CUgQY98nJo-P5-mHyCy2wl3cethV08nb/view?usp=sharing>

9) Қазақстан республикасы мен Корея республикасы арасындағы дипломатиялық қарым-қатынастың 20 жылдығына арналған Қазақстан өнер шеберлерінің концерті. Корея. Сеул қаласы. 01-04 қараша, 2012 ж. 4 минут.

<https://drive.google.com/file/d/1qHyrO74Ak8RUMZmb18QwzKd8QSdmFa23/view?usp=sharing>

10) «Отанды ойлай жүр» атты ақындар айтысы. Халық әні «Аққұм» Әсеттің әні «Інжу-Маржан». Франция, Париж. 2013 ж. 20 минут (2 сағат 14 минут).

<https://www.youtube.com/watch?v=iSjeCIVNfu0>

Құрметті атақ алғанға кейінгі шет мемлекеттегі шығармашылық жұмыстар 4 концерт; дипломдары мен афишалары pdf форматында көрсетілген, кейбіреуілерінің интернет желісіндегі сілтемесі берілген. Олар:

1) Дэгу Чимач фестивалі. Корея. Дэгу қаласы. 26-30 шілде, 2016 ж. 4 минут.
https://drive.google.com/file/d/16swTVgb-Y_PA7tu7OH5MoLCfo_DYJZxM/view?usp=sharing

2) Қазақстанның Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында Құрманғазы Сағырбайұлының монументінің ашылуына арналған концерт. Румыния – Бухарест, Констанца, Синай. 21-27 наурыз, 2021 ж. 4 минут.

www.youtube.com/watch?v=WXb2j7nhrxk

3) Қырғыз, Қазақ арасында «Қыз жігіт Сармерден ойыны» ұлттық тележобасы. Қырғызстан. Ұлттық филормониясы. 24-25 тамыз 2021 жыл. 4 минут.

https://drive.google.com/file/d/1F3t3LcSBepGVM_5nCH9M8B7NXOCnfsdt/view?usp=sharing

www.youtube.com/watch?v=OqA_q5FmKY

4) Қазақстанның республика күніне арналған концерт. Kazakhstan Cumhuriyet bayrami kazak konseri. Түркия, Ыстамбұл. Turkye. Istanbul. Razlictsme Rultur Merkezi Akdeniz Salonu. 23 қазан 2024 жыл. 20 минут.

https://drive.google.com/file/d/1QfC3FmEL8y4Nh-_aRvkhgBGNPMQIAoJy/view?usp=sharing

<https://www.youtube.com/watch?v=HcMtXLW5ApY>

3. Халықаралық конкурса, көрмеге, фестивальға, олимпиадаға төраға, қазылар алқасының мүшесі, куратор ретінде кемінде 1 (бір) рет қатысуы: 20; дипломдары мен афишалары pdf форматында көрсетілген, кейбіреуілерінің интернет желісіндегі сілтемесі берілген.

4. Халықаралық және республикалық конкурстар мен фестивальдардың лауреаттары: Исатаева Ардак Бекмуратовнаның студенттері арасында халықаралық және республикалық конкурстардың лауреаттары өте көп. Соның ішінде соңғы жылдары лауреат атанғандар қатарына келесі студенттерді атап өтеміз:

Қазақстанда өткен республикалық және халықаралық конкурстар мен фестивальдардың лауреаттары:

1) **Елемесов Нұрсұлтан** – С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сұлу жырдың сұңқары - Сәкен» атты республикалық байқаудың лауреаты. 3-орын. Алматы, 2019 жыл.

2) **Көшербаева Диана** – XI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың лауреаты. 3-орын. Алматы, 2019 жыл.

3) **Елтоқ Сымбат** – Дәнеш Рақышев атындағы «Рухы Дәнеш әнсалады, Ұрпағы арнап ән салады» атты Республикалық байқаудың лауреаты. 3-орын. Талдықорған, 2019 жыл.

4) **Елтоқ Сымбат** – Кенен Әзірбаев атындағы IX Республикалық «Шырқа даусым» атты дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты. Тараз, 2019 жыл.

5) **Мұсылманбек Жаннұр** – Тайжан Қалмағанбетов атындағы II Республикалық байқаудың лауреаты. Бас жүлде. Сәтбаев 2019 жыл.

6) **Бекниязов Әміржан** – Тайжан Қалмағанбетов атындағы II Республикалық байқаудың лауреаты. 2-орын. Сәтбаев 2019 жыл.

7) **Елемесов Нұрсұлтан** – Кенен Әзірбаев атындағы XI Республикалық «Шырқа даусым» атты дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты. Бас жүлде. Тараз, 2023 жыл.

8) **Көшербаева Диана** – Ақан серінің 180 жылдығы, Иманжүсіп Құтпанұлының 160 жылдығына арналған «Арқаның ән дариясы» атты Республикалық дәстүрлі әншілер байқауы. 3-орын. Көкшетау, 2023 жыл.

9) **Сатыбалды Мағжан** – Мәди Бәпиұлы атындағы V Республикалық дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты. 2-орын. Қарағанды, 2022 жыл.

10) **Сатыбалды Мағжан** – Әсет Найманбаев атындағы Республикалық «Инжу-Маржан» атты дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты. Бас жүлде. Семей, Үржар, 2023 жыл.

11) **Сатыбалды Мағжан** – Кенен Әзірбаев атындағы XI Республикалық «Шырқа даусым» атты дәстүрлі әнші байқауының лауреаты. 1-орын. Тараз, 2023 жыл

12) **Сатыбалды Мағжан** – XV Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың лауреаты. 2-орын. Алматы, 2023 жыл.

13) **Сатыбалды Мағжан** – Ақан Қорамсаұлы атындағы Республикалық дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты

14) **Сатыбалды Мағжан** – Әміре Қашаубаев атындағы Халықаралық дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты. Бас жүлде. Семей, 2023 жыл.

15) **Ұлықбан Нұрсабек** – Рухантжаңғыру бағдарламасы аясында өткен «Жаңарған Қазақстан» атты Халықаралық өнер-білім байқауының лауреаты. Бас жүлде. Алматы, 2023 жыл.

16) **Бектас Ұлсая** – Әсет Найманбаев атындағы Республикалық «Инжу-Маржан» атты дәстүрлі әншілер байқауының лауреаты. 3-орын. Семей, Үржар ауданы, 2023 жыл.

17) **Каирденова Лаула** – «Ұлы дала әуендері» атты дәстүрлі әнорындаушыларының Республикалық байқауының лауреаты. 2-орын. Шымкент, 2023 жыл.

18) **Каирденова Лаула** – XV Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың лауреаты. 3-орын. Алматы, 2024 жыл.

19) **Рахимбердиев Дамир** – XVI Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың лауреаты. 3-орын. Алматы, 2024 жыл.

20) **Әбілхасимова Ұлжан** – Тұрсынғазы Рахимов атындағы «Сәби болғым келеді» атты Республикалық ән байқау фестивалі. 3-орын. Семей, 2024 жыл.

21) **Әбілхасимова Ұлжан** – XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың лауреаты. 2-орын. Алматы, 2025 жыл.

22) **Кабикенова Камшат** – XVII Республикалық студенттік пәндік олимпиаданың лауреаты. 2-орын. Алматы, 2025 жыл.

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, А.Б. Исатаеваның жоғарыда аталған жұмыстарына шығармашылық жұмыстарын ғылыми жұмыстарға тең деп санап, Сіздерден осы ұсынысты қолдауларыңызды сұраймын.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын тағайындауымыз қажет. Санақ комиссиясының құрамына үш маманды енгізу ұсынылып отыр: А.М. Джумағалиева, А.А.

Карсакбаева, И.А. Гавриленко. Санақ комиссиясының төрағасы – А.З. Бултбаева. Кімдер осы ұсынысты қолдайды? Дауысқа салайық.

ҚАБЛЫДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан.
ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Санақ комиссиясының хаттамасын жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы А.М. Джумагалиеваға беріледі.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Дауыс беру барысында Исатаева Ардак Бекмуратовнаның «60400 Өнер (17.00.00 – Өнертану)» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін жоғарыда көрсетілген шығармашылық жұмыстарын ғылыми жұмыстарға теңестіру бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 26

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 1

Жарамсыз бюллетеньдер саны: 0

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Есеп комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма? Егер жоқ болса, дауыс беру нәтижелерін бекітуді ұсынамын. Барлығыңызға рахмет!

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «26», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі оң шешім.

Д.Е. КЕШУБАЕВА – «Арт-менеджмент» кафедрасының меңгерушісі:

Қайырлы күн, құрметті ҒК төрағасы және мүшелері. Назарларыңызға Кинашева Жадыра Болатовнаның негіздеме қорытындысын ұсынамын.

5.5 Кинашева Жадыра Болатовна Құрманғазы атындағы ҚҰК-ның «Арт-менеджмент» кафедрасында 2022 жылдан бастап доцент лауазымында қызметін атқарып келеді. Жадыра Болатовна осы жылдары өзін тек жақсы жақтарынан көрсете білді.

Ж.Б. Кинашеваның педагогикалық және ғылыммен айналысу жолында бірқатар жетістіктер мен табыстарға жетуде. Кафедраның стратегиялық ғылыми бағытына сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысады, сондай-ақ студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстарына жетекшілік етеді. Жадыра Болатовнаның жетекшілігімен «Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасының студенттері бірнеше халықаралық конференциялар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Атап өтетін болсақ, 2023 жылы «Исследовательский проект года – 2023» II халықаралық ғылыми-зерттеу

конкурсынан 4 курс студент Ж. Қайыржан І дәрежелі дипломмен марапалса, «Новая наука – новые возможности» VI халықаралық ғылыми-зерттеу конкурсынан 4 курс студенті А.Турсынғалиева І дәрежелі дипломмен марапалды. Сондай-ақ, ҚР БҒМ XV Республикалық пәндік олимпиадасынан Ж. Қайыржан ІІІ дәрежелі дипломмен марапатталған.

Сонымен қатар, Ж.Б. Кинашева халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларға, дөңгелек үстелдерге белсене қатысады. Жыл сайын түрлі курстарда, сондай-ақ мастер-класстарда үнемі біліктілігін арттырып келеді. Кафедра ұйымдастыратын ғылыми конференцияларды, семинарларды және т.б. ұйымдастырушылық құрамның мүшесі және де жыда ұйымдастырылатын мамандық бойынша республикалық пәндік олимпиаданың қазылар алқасының тұрақты мүшесі (27.02.2024 жылғы №33-п бұйрық).

«Арт-менеджмент» кафедрасы (24 желтоқсан, 2024 ж., № 05 хаттама) Кинашева Жадыра Болатовнаның кандидатурасын қарастырды және оны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «50200 Экономика және бизнес» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына лайықты деп санайды.

Құрметті ҒК мүшелері қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Г.Ж. МУСАГУЛОВА – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы:

Жадыра Болатовнаның еңбек және орындаушылық тәртібіне тоқталатын болсақ, ұжымда ол өзін тек жағымды жағынан көрсетті, жұмысты адал ниетпен қарайды, өзін мақсатты, бастамашыл, педагогикалық және ғылыми қызметке қабілетті екенін көрсете білді және осылайша ұжымның және студенттердің құрметіне ие болды.

Ж.Б. Кинашева кафедраның ғылыми дамуына, оның ішінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыспен айналысуына өз үлесін қосуда. Жадыра Болатовнаның жетекшілігімен бірнеше студенттер республикалық пәндік олимпиадаларға, сонымен қатар халықаралық конференциялар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Ж.Б. Кинашеваның педагогикалық тәжірибесін ескере отырып, оны «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуға толықтай негіз бар деп санаймын.

Ш.А. АМАНЖОЛОВА – Ғалым хатшы:

Ж.Б. Кинашеваның «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынылуы бойынша өткізілген құжаттар топтамасына жасалған талдау бойынша

Негізгі мiлiметтер:

18) уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 10 (он) ғылыми мақала – 12 мақала;

19) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала – 4 мақала;

20) халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында – 15 мақала;

21) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 6 (алты) баспа табағы тиесілі) – 1. Қазақ Еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясының Ғылыми кеңесімен ұсынылған, 24.02.2022 ж. № 8 хаттама;

Қосымша мәліметтер:

16) халықаралық және республикалық журналдардағы мақалалар – 6;

17) халықаралық және республикалық бақаулардың жеңімпаздары атанған студенттер саны – 4;

18) оқу және оқу-әдістемелік құралдары – 4 (қорғағаннан кейінгі бірақ соңғы 5 жылда емес);

19) монография (ұжыммен жазылған) – 3;

20) авторлық құқық кәлігі – 1.

Құрметті ҒК мүшелері, доцент Ж.Б. Кинашеваның кандидатурасы «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына лайықты деп санаймын және қолдау білдіремін.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын тағайындауымыз қажет. Санақ комиссиясының құрамына үш маманды енгізу ұсынылып отыр: А.М. Джумағалиева, А.А. Карсакбаева, И.А. Гавриленко. Санақ комиссиясының төрағасы – А.М. Джумағалиева. Кімдер осы ұсынысты қолдайды? Дауысқа салайық.

ҚАБЛЫДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Санақ комиссиясының хаттамасын жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы А.М. Джумағалиеваға беріледі.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Дауыс беру барысында Кинашева Жадыра Болатовнаның кандидатурасы «50200 Экономика және бизнес» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуды қолдау сұрағы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 23

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 4

Жарамсыз бюллетеньдер саны: 0

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Есеп комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма? Егер жоқ болса, дауыс беру нәтижелерін бекітуді ұсынамын. Барлығыңызға рахмет!

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «23», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі оң шешім.

5.6 Жанибекова Гаухар Калдановна 2003 жылдан бастап ғылыми-педагогикалық қызметін жүзеге асырып келеді. Құрманғазы атындағы ҚҰК доценті лауазымында 7 жыл жұмыс істейді. Қазіргі уақытта «Арт-менеджмент» кафедрасында доцент қызметін атқарады.

Г.К. Жанибекова 1999 жылы Қазақ Мемлекеттік Басқару Академиясын (Нархоз) бітірді.

2003 жылы жылы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті магистратурасын «Экономика» мамандығы бойынша бітіріп, Экономика магистрі академиялық дәрежесін алды. Диссертация тақырыбы: «Іскерлік белсенділікті салықтық реттеу».

2008 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің PhD докторантурасын «Экономика, басқару теориясы» мамандығы бойынша бітіріп, Экономика саласында PhD докторы академиялық дәрежесі берілді.

Ізденушінің педагогикалық қызметі 2003 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінен басталды. Оның педагогикалық қызметі бірқатар жетістіктер мен табыстар арқылы да ерекшеленеді. Ол оқу-әдістемелік құралдардың, оқу құралдарының, ғылыми мақалалардың әзірлеушісі.

Ғылыми-педагогикалық жұмыс тәжірибесі аясында ғылыми жобаларға қатысып, шетелдік бірқатар жоғарғы оқу орындарында тағылымдамадан өтті. Ғылыми қызығушылықтар саласы экономиканың, бизнестің, кәсіпкерліктің, мәдениеттегі басқару саласының түрлі бағыттарын қамтиды.

Республикалық және халықаралық конференциялар мен дөңгелек үстелдерде баяндамалар жасайды, жылда түрлі курстарда, сондай-ақ мастер-кларстарда үнемі біліктілігін арттырып келеді. Шығармашылық кездесулерді, ғылыми конференцияларды, семинарларды және т.б. ұйымдастырушылық құрамның мүшесі және де жылда ұйымдастырылатын мамандық бойынша республикалық пәндік олимпиадаларға студенттерді даярлайды.

Гаухар Калдановна өз ұстанымы бар және өз саласында білікті маман, заманауи әдістерді қолдана отырып білім беру қағидаттарын ұстанады, оқу процесінде маркетингтік міндеттерді жедел шешу қабілетіне ие. Оның ұйымдастырушылық, ғылыми және педагогикалық қызметі шығармашылық тәсілімен ерекшеленеді, профессорлық-оқытушылық құрам арасында және студенттер тарапынан құрметке ие.

«Арт-менеджмент» кафедрасы (22 мамыр, 2025 ж., №10 хаттама) Жанибекова Гаухар Калдановнаның кандидатурасын қарастырды және оны ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің «50200 Экономика және бизнес»

ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына лайықты деп санайды.

Құрметті ҒК мүшелері қолдау көрсетулеріңізді сұраймын.

Г.Ж. МУСАГУЛОВА – «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультетінің деканы:

Гаухар Калдановнаның еңбек және орындаушылық тәртібіне тоқталатын болсақ, ұжымда ол өзін тек жағымды жағынан көрсетті, жұмысты адал ниетпен қарайды, өзін мақсатты, бастамашыл, педагогикалық және ғылыми қызметке қабілетті екенін көрсете білді және осылайша ұжымның және студенттердің құрметіне ие болды.

Г.К. Жанибекова кафедраның ғылыми дамуына, оның ішінде студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыспен айналысуына өз үлесін қосуда. Жадыра Болатовнаның жетекшілігімен бірнеше студенттер республикалық пәндік олимпиадаларға, сонымен қатар халықаралық конференциялар мен конкурстарға қатысып, жүлделі орындарға ие болып жүр.

Г.К. Жанибекованың педагогикалық тәжірибесін ескере отырып, оны «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуға толықтай негіз бар деп санаймын.

Ш.А. АМАНЖОЛОВА – Ғалым хатшы:

Г.К. Жанибекованың «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынылуы бойынша өткізілген құжаттар топтамасына жасалған талдау бойынша

Негізгі мiлiметтер:

22) уәкілетті орган ұсынатын басылымдарда 10 (он) ғылыми мақала – 10 мақала;

23) халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда 2 (екі) ғылыми мақала – 2 мақала;

24) халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында – 2 мақала;

25) Ғылыми кеңес ұсынған монографиясы (соңғы 5 (бес) жылда басылған, ізденушіге кемінде 6 (алты) баспа табағы тиесілі) – 1.

Құрметті ҒК мүшелері, доцент Г.К. Жанибекованың кандидатурасы «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына лайықты деп санаймын және қолдау білдіремін.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, құпия дауыс беру үшін санақ комиссиясын тағайындауымыз қажет. Санақ комиссиясының құрамына үш маманды енгізу ұсынылып отыр: А.М. Джумағалиева,

А.А. Карсакбаева, И.А. Гавриленко. Санақ комиссиясының төрағасы – А.М. Джумагалиева. Кімдер осы ұсынысты қолдайды? Дауысқа салайық.

ҚАБЛЫДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан.
ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Санақ комиссиясының хаттамасын жариялау үшін санақ комиссиясының төрағасы А.М. Джумагалиеваға беріледі.

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

Дауыс беру барысында Кинашева Жадыра Болатовнаның кандидатурасы «50200 Экономика және бизнес» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағына ұсынуды қолдау сұрағы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 26

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 1

Жарамсыз бюллетеньдер саны: 0

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Есеп комиссиясының төрағасына сұрақтарыңыз бар ма? Егер жоқ болса, дауыс беру нәтижелерін бекітуді ұсынамын. Барлығыңызға рахмет!

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «26», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі оң шешім.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

5.1 «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Музыкатану және композиция» кафедрасының профессоры, өнертану ғылымдарының кандидаты, доцент (ЖАК) Омарова Аклима Каирде-новнаның кандидатурасы «60400 Өнер (17.00.00 – Өнертану)» ғылыми бағыты бойынша «Профессор» ғылыми атағын алу үшін ұсынылды.

5.2 Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті, физика және математика ғылымдарының кандидаты Аманжолова Ширин Амановнаның ҚР ҒжЖБМ-ның «21100 Компьютерлік ғылымдар және информатика» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін ұсынылды.

5.3 «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты Есетова Айнура Такеевнаның ҚР ҒжЖБМ-

ның «60200 Тіл және әдебиет» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін ұсынылды.

5.4 1) «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының доценті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Исатаева Ардак Бекмуратовнаның кандидатурасы «60400 Өнер (17.00.00 – Өнертану)» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін ұсынылды.

2) «Халық музыкасы» факультеті «Халық әні» кафедрасының доценті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Исатаева Ардак Бекмуратовнаның «60400 Өнер (17.00.00 – Өнертану)» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін жоғарыда көрсетілген шығармашылық жұмыстары ғылыми жұмыстарға тең екендігі бекітілсін.

5.5 «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Арт-менеджмент» кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Кинашева Жадыра Болатовнаның ҚР ҒжЖБМ-ның «50200 Экономика және бизнес» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін ұсынылды.

5.6 «Музыкатану, арт-менеджмент, әлеуметтік және гуманитарлық пәндер» факультеті «Арт-менеджмент» кафедрасының доценті, экономика ғылымдарының кандидаты Жанибекова Гаухар Калдановнаның ҚР ҒжЖБМ-ның «50200 Экономика және бизнес» ғылыми бағыты бойынша «Қауымдастырылған профессор (доцент)» ғылыми атағын алу үшін ұсынылды.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

6. ТЫҢДАЛДЫ. Әртүрлі. 6.1 Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы Н.А. Ертаеваның үздік диплом беру шарттарына түзетулер енгізу туралы бекіту туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Н.А. ЕРТАЕВА – Академиялық мәселелер жөніндегі қызметінің басшысы:

Құрметті әріптестер, Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде үздік диплом беру ережелерінде өзгерістер орын алды.

Бұрын: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 «Білім алушылардың ағымдағы үлгерімін, аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы, ал қазір – «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрық.

Оқу, әдістемелік жұмыс және практика регламенті үздік диплом беру талаптары бөлігінде өзгерістерге ұшырады.

Регламенттің 100, 50 және 342-баптарында осы талаптардың әртүрлі тұжырымдамалары бар, бұл тәсілді біріздендіру қажеттілігін тудырады.

Үздік дипломға қойылатын талаптарды салыстыру:

Бұрын: 100-тармақ (№ 125 Бұйрық)

А, А- «өте жақсы», В-, В, В+ «жақсы» деген бағалар, GPA 3,5-тен төмен емес, мемлекеттік емтихандар және дипломдық жұмысты А, А- «өте жақсы» деген бағалармен қорғау талап етіледі.

Қазір: 342-тармақ (РЕГЛАМЕНТ)

А, А-, В+, В, В- деген бағалар, GPA 3,5-тен төмен емес, мемлекеттік емтихандар және дипломдық жұмысты А, А- деген бағалармен қорғау талап етіледі.

Қазір: 50-тармақ (№ 595 Бұйрық)

А, А- «өте жақсы», В-, В, В+, С+ «жақсы» деген бағалар, GPA 3,5-тен төмен емес, қорытынды аттестаттау А, А- «өте жақсы» деген бағалармен. Оқу барысында қайта тапсыруға тыйым салынады.

Өзгерістер бойынша ұсыныстар және шығарылым болжамы:

2024-2025 оқу жылында күтілетін саны

255	125	83
Барлық түлектер	Үміткерлер	Үміткерлер
	«Қазақстан тарихын» есепке алмағанда (49%)	«Қазақстан тарихын» есепке алғанда (32,5%)

- Егер Қазақстан тарихы (ҚТ) бойынша баға ескерілмесе, онда 125 студент (49%) әлеуетті түрде үздік диплом ала алады (әлі де жалғасып жатқан қорытынды аттестаттауды есепке алмағанда).
- Қалған 130 студент «3» деген бағаларының немесе GPA 3,4-тен төмен болуына байланысты кез келген жағдайда үздік дипломға үміткер бола алмайды.
- Егер ҚТ бойынша баға ескерілетін болса, онда 83 адам (32,5%) (әлі де жалғасып жатқан қорытынды аттестаттауды есепке алмағанда).

Екі нұсқа ұсынылады: 342-тармақты 50-тармаққа сәйкес келтіре отырып, Регламентке өзгерістер енгізу немесе тұжырымдаманы өзгеріссіз қалдыру.

Негізгі мәселе – үздік диплом алу құқығын анықтау кезінде «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағасын ескеру керек пе?

А.Б. НАУРЗБАЕВА – Ректордың кеңесшісі, профессор, философия ғылымдарының докторы:

Құрметті әріптестер, «Қазақстан тарихы» бойынша мемлекеттік емтиханның нәтижелерін міндетті түрде есепке алу керек. Өйткені бұл пән азаматтық-патриоттық ұстанымның негізі болып табылады және оны елемеуге болмайды.

Бұл пән студенттердің ел тарихын білуін және оған құрметпен қарауын қамтамасыз етеді.

А.С. САРЫМСАКОВА – Сапа менеджменті, ішкі аудит және стратегиялық жоспарлау жобалық кеңсесінің басшысы:

«Қазақстан тарихы» пәнінің қорытынды бағасы үздік диплом алуға әсер етпеу. «Қазақстан тарихы» пәні мектепте, колледжде және ЖОО-да оқытылады. Барлығы емтиханмен бекітіледі. Бірақ бұл – Консерватория. Мұнда тек мамандық бойынша пәндерге басымдық берілуі қажет. Сондықтан да «Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік емтиханның бағасы үздік дипломға әсер етуіне мүлдем қарсымын. Мамандыққа қатысы жоқ пәннің бағасы болашақ музыканттың жетістігін бағалауда шешуші рөл ойнамауы тиіс деп ойлаймын.

Б.С. КАЛДАЕВА – «Әлеуметтік-гуманитарлық пәндер» кафедрасының меңгерушісі:

Әлеуметтік-гуманитарлық пәндердің оқытылуы Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (МЖМБС) бойынша жүзеге асырылады. Оның ішінде «Қазақстан тарихы» пәні міндетті оқытылатын пәндерге жатады. Консерваториядан әлеуметтік-гуманитарлық пәндерді алып тастасак, бұл студенттеріміздің жан-жақты білімді болуына және жеке тұлға ретінде дамуына кері әсерін тигізуі мүмкін.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

«Қазақстан тарихы» пәні музыканттың дамуына да өз септігін тигізеді. Ұлттық тарихты білу арқылы музыкант қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін және рухани құндылықтарын тереңірек түсінеді. Бұл оның шығармашылығына шабыт беріп, ұлттық музыканы байытуға ықпал етеді.

Түсінікті болды. «Қазақстан тарихы» пәнінің қорытындысы үздік дипломға әсер етуін тек осы оқу жылына қарастырайық.

Ғылыми кеңестің 2024-2025 оқу жылында, үздік диплом алуға үміткер студенттердің құжаттарын қарастыру барысында «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан нәтижесі ескерілмеуі бойынша дауыс берудің нәтижесі: «жақтап» дауыс бергені – 17; «қарсы» – 11; «қалыс қалғаны» – жоқ. Қатысып отырған ҒК мүшелері: 28 адам. 17 – бұл 28-дің жартысынан көп. Демек, шешім бір дауыспен: 61 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

6. Әртүрлі. 6.1 2024-2025 оқу жылына арналған шешім:

Ағымдағы оқу жылында, яғни 2024-2025 оқу жылында, үздік диплом алуға үміткер студенттердің құжаттарын қарастыру барысында «Қазақстан тарихы» пәнінен мемлекеттік емтихан нәтижесі ескерілмесін. Бұл шешім тек бір оқу жылына ғана қатысты болады.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

ТЫҢДАЛДЫ: 6. Әртүрлі. 6.2 «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының меңгерушісі И.А. Гавриленко кафедраның аға оқытушысы Несипбаев Адиль Габитовичтың негіздеме қорытындысын ұсынды (хаттамаға қоса тіркелді).

«Аспаптық орындаушылық» факультеті «Арнайы фортепиано» кафедрасының аға оқытушысы Несипбаев Адиль Габитовичтың 10 жылдан астам Консерваторияда жұмыс істеп келе жатқаны, оның өте жоғары деңгейдегі ұстаз екендігі және осы уақыт аралығында студенттерінің халықаралық және республикалық байқауларда қатысып лауреат атанғандары туралы айтып өтті.

Ғылыми хатшы Ш.А. Аманжолова үміткердің құжаттар топтамысыны ұсынды. Онда «Қауымдастырылған профессор м.а.» (Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы профессордың міндетін атқарушы және қауымдастырылған профессордың міндетін атқарушы лауазымдарына тағайындалу Ережесі, ҒК-тің 2025 жылғы 26 ақпанында № 08 хаттамасымен бекітілген) лауазымына көрсетілген барлық талаптар орындалғаны туралы баяндама жасады (құжаттар топтамасы хаттамаға қоса тіркелді):

№	Қауымдастырылған профессор м.а. лауазымының талаптары (Консерватория бойынша)	Орындалуы
1.	Ғылыми дәрежесі немесе Мем.награда немесе 10 жыл Консерваторияда еңбек өтілі	10 жылдан астам
2.	ҚР БҒМ БҒССҚК ұсынған – 2 мақала;	
	немесе авторлық шығарма (ҚР авторлар қоғамында тіркелген, 2 б.т. көлемінде);	
	немесе концерттік бағдарлама (афиша, CD, DVD жазбалар).	жалпы – 25 мастер-класс – 3; жеке концерт – 6; аралас концерт – 11; студ.концерт – 5.
3.	Халықаралық рецензияланған журналдарда жарияналған – 1 мақала;	
	немесе өнер мәселелері бойынша алыс және жақын шетелдік журналдарда мақала;	
	немесе алыс және жақын шетелде көрсетілген шығармашылық еңбек: Молдобасанов атындағы Қырғыз ұлттық консерваториясы (Қырғызстан, Бішкек)	2 концерт
4.	Халықаралық, республикалық конференциялар материалдарында немесе баспасөз беттерінде жарияланған 1 (бір) баяндама (мақала);	1 мақала

5.	Монография немесе соңғы 3 (үш) жылда Ғылыми кеңес ұсынған;	
	немесе оқу-әдістемелік құралы; оқу құралы, әдістемелік нұсқаулық (Консерваторияның Ғылыми кеңесінде / РОӘК бекітілген, 2 б.т. көлемінде); 2023 ж.	1
	немесе оның жетекшілігімен қорғалған диссертация (соның ішінде магистрлік қорғаған 2 (екі));	
	немесе республикалық, халықаралық сайыстардың, фестивальдар мен олимпиадалардың 2 (екі) лауреаты (дипломанты)	лауреаттар – 3

«Арнайы фортепиано» кафедрасының негіздеме қорытындысы, кафедра мәжілісінің хаттамасынан үзінді негізінде (№ 09 хаттама, 23 мамыр 2025 ж.) және Ғылыми кеңестің Несипбаев Адиль Габитовичтың «Қауымдастырылған профессор м.а.» лауазымына ұсынылуы бойынша жасырын дауыс берудің нәтижесі (28 адам қатысты) келесіндей болды:

№	Аты-жөні	Қолдағандар	Қарсылар	Қалыс қалғандар	Жарамсыз бюллетень
1.	Несипбаев Адиль Габитович	20	2	5	-

Несипбаев Адиль Габитович бойынша – 71 % құрады.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

6. Әртүрлі. 6.2 «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Ансамбль өнері» кафедрасының аға оқытушысы Несипбаев Адиль Габитович «Қауымдастырылған профессор м.а.» лауазымына тағайындалсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

ТЫҢДАЛДЫ: 6. Әртүрлі. 6.3 Ғылыми кеңес төрағасы, ректор, философия докторы (PhD) Г.К. Тасбергеновнаның Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының таратылуы туралы баяндамасы.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, бүгін маған «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының профессор-оқытушылық құрамынан өтініш келіп түсті. Өтініш ресми түрде рәсімделген. Кафедраның 16 мүшесі қол қойған. Өтініште кафедраның барлық профессор-оқытушылық

құрамы «Жалпы фортепиано» кафедрасын таратуды сұрайды деп жазылған. Өтінішті оқып отсем:

Қазақстан Республикасының жоғары музыкалық білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында мамандарды даярлаудың тұрақты сапасын қамтамасыз ету басым міндет болып табылады, ол Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарына (МЖМБС) да, музыкалық өнер саласындағы кәсіби талаптарға да сәйкес келуі тиіс. Осы тұрғыда оқу үдерісін, академиялық ортаны кафедраішілік ұйымдастырудың және кәсіби этика қағидаларын сақтаудың тиімділігі мәселесі ерекше өзектілікке ие болады.

Қазіргі уақытта Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының «Жалпы фортепиано» кафедрасының қызметі аясында аға оқытушы Ж.Т. Мусапирова басшылық ететін, білім беру бағдарламаларын іске асыруға, сондай-ақ профессор-оқытушылық ортадағы және студенттер арасындағы моральдық-психологиялық ахуалға әсер ететін белгілі бір қиындықтар байқалады.

Келіп түскен ақпаратқа сәйкес, кафедра оқытушылары қысым көрсетудің көріністері ретінде қабылданатын жекелеген жағдайлардың бар екенін, оның ішінде олардың кәсіби қызметіне қатысты сындардың бар екенін көрсетеді. Ұжымның бір бөлігінің пікірінше, мұндай эпизодтар академиялық этика нормаларын бұзу ретінде қабылдануы мүмкін, бұл өз кезегінде мотивация деңгейіне әсер етеді, эмоционалдық күйіп кетуге және жұмыс атмосферасындағы шиеленіске ықпал етуі мүмкін. Біліктілік деңгейі жоғары және кәсіби тәжірибесі мол педагогтарға қатысты мұндай көріністер туралы хабарламалар ерекше алаңдаушылық тудырады.

Қолданыстағы жағдай, қолда бар мәліметтер бойынша, студенттік аудиторияға да әсер етеді. Студенттердің аралық және қорытынды аттестаттау (оның ішінде ВСК және емтихандар) барысында бағалаудың объективтілігіне қатысты алаңдаушылық білдірген жағдайлары бар, бұл білім алушыларда әділетсіздік сезімін қалыптастыруы және академиялық мотивацияны төмендетуі мүмкін. Мұндай көңіл-күй білім беру бағдарламасының және жалпы білім беру мекемесінің имиджіне әсер етуі мүмкін.

«Жалпы фортепиано» пәні шеңберінде қолданылатын әдістемелік тәсіл қосымша сұрақтар тудырады. Білім беру үдерісіне қатысушылар атап өткендей, барлық мамандықтар үшін олардың бейіні мен бастапқы дайындық деңгейін ескерместен бірыңғай бағдарламаны пайдалану Қазақстан Республикасының МЖМБС-да көзделген оқытуды дараландыру қағидатын іске асыруды қиындатады. Барлық бағыттардағы студенттер үшін (вокал, дирижерлеу, дәстүрлі музыка және т.б.) міндетті талаптарды (оның ішінде полифонияны, сонатаны және пьесаны орындау) енгізу білім беру траекториясын құруға жеткілікті икемді емес тәсіл ретінде қабылдануы мүмкін.

Сондай-ақ, шамадан тыс оқу жүктемесі мәселесіне назар аударылады: кафедра оқытушылары, ұсынылған мәліметтер бойынша, кейбір күндері 30-дан 80-ге дейін студент қабылдайды, бұл объективті түрде сапалы педагогикалық

жұмысты қамтамасыз етуді, толыққанды кері байланысты қиындатады және оқытушылардың да, студенттердің де эмоционалдық жағдайына әсер етуі мүмкін.

1987 жылдан 2017 жылға дейін Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясында бейінді кафедралар жанында фортепиано секцияларының жүйесі жұмыс істегенін атап өткен жөн. Бұл формат өзін тиімді деп көрсетті, студенттерді даярлау ерекшелігін ескеруге, репертуарды икемді қалыптастыруға және бейінді кафедралардың және деканаттардың меңгерушілерінің қатысуымен орындаушылық талаптарды келісуге мүмкіндік берді. Бұл құрылым оқушылардың тәртіптілігінің, жауапкершілігінің және кәсіби дамуының өсуіне ықпал етті.

Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, «Жалпы фортепиано» кафедрасын тарату және профессор-оқытушылық құрамды мамандандырылған кафедралар жанында жұмыс істейтін фортепиано секциялары бойынша қайта бөлу арқылы қайта ұйымдастыру мүмкіндігін қарастыру орынды және уақтылы болып көрінеді. Бұл тәсілді іске асыру мыналарға мүмкіндік береді:

1) білім беру бағдарламаларының студенттерді даярлау бейініне сәйкестігін қамтамасыз етуге;

2) оқытушылардың мотивациясын, кәсіби қанағаттануын және дербестігін арттыруға;

3) оқу үдерісін оңтайландыруға және кафедралар арасындағы өзара іс-қимылды жақсартуға;

4) бағалаудың объективтілігіне және білім беру нәтижелерінің сапасының өсуіне ықпал етуге.

Ұсынылып отырған модель Қазақстан Республикасының жоғары музыкалық білім беру жүйесінде және тұтастай алғанда Орталық Азияда мамандарды даярлау сапасын арттыруға, академиялық ортаны нығайтуға және мекеменің беделдік мәртебесін жақсартуға бағытталған Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының дамуының стратегиялық бағыттарына сәйкес келеді.

Өтініштің мазмұнымен танысыңыздар.

Құрметті FK мүшелері, студенттер тарапынан да арыз келіп түсті. Онда кафедраның меңгерушісі тарапынан емтихан күндері ауысқаны, емтихан кезінде студенттердің тапсыру үшін кезек күтіп тұрулары, бағалардың әділ қойылмауы, яғни әрбір студенттің аспаптар бойынша ерекшелігі ескерілмейтіні туралы жазылған. Тағы да осы арызда айтып өтетін жайт, «Вокалдық өнер» мамандығының студенттері өз жаттығуларын фортепианода дұрыс ойнай алмайтыны, барлық мамандықтар бойынша бір бағдарлама тапсырылатыны туралы да жазылған.

Келіп түскен өтінішке орай кафедра мүшелері Ғылыми кеңеске арнайы шақырылды. Ендеше кафедра оқытушыларына сөз беріледі.

Ж.Ж. БЕКИШЕВ – «Жалпы фортепиано» кафедрасының аға оқытушысы:

Қайырлы күн, құрметті әріптестер. Біз кафедрамыздың өтінішін айтуға келдік. Мәселе мынада, жоғарыда айтылған проблема бізде бұрыннан бар. Кафедрамыз өте үлкен, біз Консерваторияның барлық кафедрасына қызмет көрсетеміз, тек «Арнайы фортепиано» кафедрасынан басқа.

Қазіргі уақытта оқу үдерісін және студенттердің білімін жақсарту үшін біздің кафедраны тарату қажет. «Жалпы фортепиано» пәнін сапалы оқытуымыз керек және әр мамандықтың ерекшелігін ескеруіміз керек. Қазіргі уақытта барлық оқытушылардың жүктемесі өте жоғары, әсіресе аралық бақылау кезінде. Әр студенттің мамандығын ескере отырып, біз емтихандарды таңғы 9-дан кешкі 6-ға дейін қабылдаймыз. Күніне 120 студенттен емтихан қабылдаған кездеріміз болды. Емтихан кезінде әр студентті барлық кафедра мүшелерімен тыңдау орынсыз деп ойлаймыз. Әрине, мұндай жағдайда студенттерді бағалау үдерісінде кейде қателіктер кетуі мүмкін. Осыған байланысты, әр студенттің ерекшелігін толыққанды ескере алмай, бағалауда субъективтілікке жол беруіміз ықтимал. Объективті бағаламау студент тарапынан келіспеушіліктер тудырып, әділетсіздік сезімін қалыптастыруы мүмкін. Бұл өз кезегінде оқу үдерісіне деген қызығушылықты төмендетіп, жалпы академиялық көрсеткішке кері әсерін тигізуі ықтимал. Мұндай жағдай кафедраның беделін төмендетіп, оқытушылар мен студенттер арасындағы сенімділікке нұқсан келтіруі мүмкін.

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, жоғарыда айтып өтелген мәселелер бойынша кафедраның таратылуын сұраймыз. Кафедраның таратылуы оқу процесін жақсартуға, студенттердің білімін арттыруға және ұжымдағы психологиялық ахуалды тұрақтандыруға мүмкіндік береді деп сенеміз.

А.И. МУСТАФАЕВА – «Жалпы фортепиано» кафедрасының доценті:

Мен кафедрада 43 жылдан бері жұмыс істеймін. Осы уақыт аралығында барлық кафедралармен жеке де, бір кафедрада да жұмыс істедім. 2017 жылы жеке кафедра ретінде құрылған кезде мен меңгеруші болдым.

Біздің кафедра – барлық мамандықтар өтетін жалпы ЖОО пәні, тек пианистерден басқа. Сөзсіз, біз барлық меңгерушілермен және декандармен байланыстамыз.

Бүгінгі таңда біздің кафедраның психологиялық ахуалына және педагогтардың студенттермен жұмысының объективтілігіне ең алдымен кафедра меңгерушісі жауапты.

Өкінішке орай, бізде ұжымда психологиялық жағдай өте күрделі. Бұл үшінші жыл қатарынан жалғасып келеді. Бұл өте қатты шиеленіскен жағдай. Және бұл студенттерге де әсерін тигізуде. Мұнда студенттердің ойыны емес, педагогтың қарым-қатынасы бағаланады, яғни сен кімнен оқисың деген мәселе тұр. Яғни, меңгеруші тарапынан студенттерге кімнен оқисың, педагог сабаққа келе ме деген сұрақтар қойылады. Бұл студенттерге қысым көрсетіп, бағалаудың әділдігіне күмән тудыруы мүмкін.

Мен де жоғарыдағы әріптесімнің пікіріне қосыламын және кафедраның таратылуын сұраймын. Қалыптасқан жағдайды ескере отырып, бұл шешім оқу

процесін жақсартудың және студенттер үшін қолайлы орта құрудың жалғыз жолы деп санаймын.

И.В. ОЛЕКСЕНКО – «Жалпы фортепиано» кафедрасының доценті:

Бірнеше сөз қоса кетейін, секцияда жұмыс істеген кезде бізде үлкен артықшылық болды, яғни біз нақты мамандықтар үшін әдістемелік ұсыныстар, яғни өңдеулер жаздық. Біз нақты мамандықтар үшін әдістемелік ұсыныстар, яғни өңдеулер жаздық. Бұл студенттердің қажеттіліктеріне сай оқытуға және олардың кәсіби дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Мұнда біз әр студенттің мамандығының қыр-сырын білетін едік, бұл оларға жеке көзқараспен қарауға және оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін.

«Вокалдық өнер» студенттері үшін арнайы гаммаларды, жаттығуларды жаттап, халық аспаптары кафедрасы үшін қосымшаларға арналған жинақтар жаздық. Бұл оқу материалын әрбір мамандықтың ерекшеліктеріне бейімдеуге және студенттердің кәсіби дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік берді.

Қазір бұл жұмыстың тұтастығы тегістеліп, реттелмейді, себебі әр мамандықтың ерекшеліктері ескерілмей, барлығына бірдей талаптар қойылады. Біздің басты міндетіміз – студенттеріміз фортепианода кәсіби түрде ойнауы, бұл олардың болашақ кәсіби қызметіне қажетті дағдыларды меңгеруіне ықпал етеді.

Мен де жоғарыдағы әріптестерімнің пікірлеріне қосыламын және кафедраның таратылуын сұраймын.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Барлықтарыңызға үлкен рахмет. Біз Сіздерді тыңдадық. Сіздерге рұқсат.

Құрметті Ғылыми кеңес мүшелері, кафедраның профессор-оқытушылық құрамын тыңдадық. Айтылған мәселелер бойынша сіздердің алып қосарларыңыз немесе сұрақтарыңыз бар ма?

А.М. ДЖУМАГАЛИЕВА – «Домбыра» кафедрасының меңгерушісі:

«Жалпы фортепиано» кафедрасы бұрын «Халық музыкасы» факультетінің құрамында секция болып, «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығы бойынша білім алушыларға бейімделген оқу процесін ұйымдастырған. Оқу жоспары мен пән мазмұны осы мамандықтың ерекшелігіне сәйкес жасалған. Бұл бағдарламада студенттердің кәсіби бағыты, репертуарлық ерекшеліктері және дәстүрлі орындаушылық спецификасы жан-жақты ескерілген.

Алайда қазіргі таңда «Жалпы фортепиано» пәні бойынша бағалау кезінде «Дирижерлеу» кафедрасы немесе басқа мамандықтармен салыстырмалы түрде өлшем қолданылып, студенттердің бағаларының әділдігіне нұқсан келуде. Мұндай салыстырулар пәннің бастапқы мақсаттары мен мазмұнын ескермейді және дәстүрлі бағыттағы білім алушылар үшін тең емес жағдай тудырады.

Осыған байланысты, «Жалпы фортепиано» пәні бойынша бағалау критерийлерін қайта қарастырып, «Дәстүрлі музыка өнері» мамандығының ерекшеліктерін есепке ала отырып, жеке бағалау талаптарын бекіту қажет деп

санаймыз. Бұл оқу процесінің әділдігі мен сапасын қамтамасыз ету үшін маңызды қадам болмақ.

3.Ш. ИЗМУРАТОВА – «Көне музыкалық аспаптар» кафедрасының меңгерушісі:

Оқу үдерісін ұйымдастыру тәжірибесіне сүйене отырып, «Жалпы фортепиано» секциясының әр факультеттің құрамында болуы – өте орынды әрі тиімді шешім деп есептеймін. Бұл тәсіл білім алушылардың кәсіби бағыты мен мамандық ерекшеліктерін ескеруге мүмкіндік береді, сондай-ақ пән мазмұнын нақты бейімдеуге жағдай жасайды.

Қазіргі таңда оқу үдерісінде өзекті мәселелердің бірі – концертмейстерлердің жеткіліксіздігі. Осы мәселе салдарынан кейбір оқу сабақтарының сапасы төмендеп кеткені байқалады. Егер «Жалпы фортепиано» пәнінің оқытушылары тиісті факультеттердің құрамында жұмысын жалғастырса, оларға осы жетіспейтін концертмейстерлік сағаттарды қосымша жүктеме ретінде бөлуге толық мүмкіндік болар еді.

Бұл шешім бірнеше мәселені шешуге ықпал етеді:

- оқу процесінің сапасын арттыру,
- кадрлық ресурстарды тиімді пайдалану,
- оқытушылардың жүктемесін оңтайлы бөлу.

Осыған байланысты, «Жалпы фортепиано» секциясын әр факультет құрамында қалдыруды және тиісті қосымша сағаттарды осы секция оқытушыларына жүктеуді ұсынамын.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Құрметті әріптестер, соңғы кезде Консерваториямызды қаралайтын сияқты хаттар біздің оқытушыларымыз тарапынан әлеуметтік желілерде көптеп жазылып жатыр. Бұл жағдай бізді алаңдатады және оған тоқтау салу керек деп ойлаймын. Егер ақпараттардың дұрыс-бұрыстығын білмеген жағдайда жазу бізді қаралауға жатады. Бізде наразылықтарды жазуға мүмкіндік бар, бірақ біздің мақсатымыз ол емес қой, мақсат – оқу үдерісін жақсарту, студенттердің білімін арттыру және Консерваторияның беделін көтеру.

Рахмет. Егер басқа сөйлеушілер мен сұрақтар болмаса, Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының профессор-оқытушылық құрамы бітіруші кафедраларға таратылуы туралы сұрақты дауысқа салайық.

ДАУЫС БЕРУ ЖҮРІП ЖАТЫР.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясы «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының профессор-оқытушылық құрамы бітіруші кафедраларға таратылуы сұрағы бойынша дауыс берудің нәтижесі:

«Қолдаймын»: 28

«Қолдамаймын»: 0

«Қалыс қаламын»: 0

ДАУЫС БЕРДІ: Қолдаушылар саны «28», бұл қатысқан Ғылыми кеңес мүшелерінің жалпы саны «31»-ның жартысынан артық. Демек, дауыс беру нәтижесі оң шешім.

Г.К. ТАСБЕРГЕНОВА – Төраға, ректор, философия докторы (PhD):

Құрметті әріптестер, «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының профессор-оқытушылық құрамы бітіруші кафедраларға таратылуына оң шешім берілді. Демек, дауыс берудің нәтижесі бойынша Консерваторияның құрылымына да өзгертулер енеді, яғни құрылымнан «Жалпы фортепиано» кафедрасы алынады.

Бұл шешім оқу үдерісін жақсартуға, студенттердің білімін арттыруға және кафедрадағы психологиялық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

6. Әртүрлі. 6.3. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының Ғылыми кеңесі қаулы етеді:

1) «Аспаптық орындаушылық» факультеті «Жалпы фортепиано» кафедрасының профессор-оқытушылар құрамы бітіруші кафедраларға таратылсын;

2) Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының құрылымынан «Жалпы фортепиано» кафедрасы алынсын.

ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ: Бірауыздан қабылданды.

Төраға

Хатшы



Г. Тасбергенова

Ш. Аманжолова